> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> **БІЗДІҢ БАСТЫ МІНДЕТІМІЗ – ОЗЫҚ ОЙЛЫ, БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ҰЛТ БОЛУ, ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ, ЕЛДЕГІ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ САҚТАП, ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ. СОНДЫҚТАН ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҚАСТЕРЛІ ТӨЛҚҰЖАТЫ – КОНСТИТУЦИЯ-МЫЗДЫҢ ӘР БАБЫ МҮЛТІКСІЗ ОРЫНДАЛАДЫ. БҰЛ – БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ.**

№102
(4846)
Сенбі
30 тамыз
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



АТА ЗАҢНАН БИІК ЕШТЕҢЕ ЖОҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына арналған «Конституция және мемлекеттілік: құқық пен болашақ диалогы» атты ғылыми-практикалық конференцияда сөз сөйледі.

«Бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша. Осыдан 30 жыл бұрын бүкілхалықтық референдумда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. Бұл егемен еліміз үшін тарихи сәт болды. Баршаңызға құтты болсын деймін. Шын мәнінде, Ата заңнан биік ештеңе жоқ. Себебі Конституция – мемлекеттігіміздің мызғымас тұғыры, Тәуелсіздігіміздің айнымас темірқазығы» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президент 1993 жылы егемен Қазақстанның алғашқы Ата Заңы бекітілгенін атап өтті.

Сонымен қатар жиында Конституциялық соттың төрағасы Эльвира Әзімова, БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы тұрақты өкілі Сарангоо Раднаарагчаа, Заң консультанттарының республикалық алқасының төрағасы Серік Ақылбай, Парламент Мәжілісі Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің төрағасы Снежанна Имашева, БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комитетінің мүшесі, Өзбекстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталығының директоры Акмал Саидов сөз сөйледі.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, заңдылық пен тәртіпті нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін бір топ азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды.

(Соңы 2-3 беттерде)



БІЛІМ ГРАНТЫ БЕРІЛДІ 4



АТА ЗАҢ – АЗАТ ЕЛДІҢ ТІРЕГІ 5



ЖҮРЕГІН ЖҰЛЫП АЛЫП АСПАНҒА ҰРҒАН... 10

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Еліміздің Ата Заңы – егемендігіміздің берік тұғыры, халқымыздың бірлігінің нышаны әрі әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі. Конституция мемлекетіміздің даму бағытын айқындап, демократиялық қағидаттарды нығайтып, қуатты да әділетті ел құруға сенімді негіз болып келеді.

Осы айтулы мерекеде баршаңызға зор денсаулық, мол бақыт, отбасыларыңызға амандық тілеймін! Конституция күні құтты болсын!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі

МЕКТЕПТЕР ОҚУҒА ДАЙЫН

Биыл Астана қаласы мектептерінің бірінші сыныбына 31 мыңнан аса бала қабылданады.

Елордада өткен оқу жылымен салыстырғанда 10 ұйымға артып отыр. Елорда оқушылары өткен жылы 288 мыңнан астам болса, биылғы оқу жылында 310 мыңнан астам оқушы қабылдайды. «Мектепке жол» акциясы аясында 8,5 мыңнан аса балаға демеушілердің есебінен материалдық көмек көрсетілді. Қаладағы 115 мектепте бастауыш сынып оқушылары мен әлеуметтік осал санаттағы балалар тегін ыстық тамақпен қамтылады.

9

№102 (4846) 30/08/2025 Сенбі

АТА ЗАҢНАН БИІК ЕШТЕҢЕ ЖОҚ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ КОНСТИТУЦИЯНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР! ҚАДІРЛІ ҚАУЫМ!

Бүгінгі жиынның мән-маңызы айрықша. Осыдан 30 жыл бұрын бүкілхалықтық референдумда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды. Бұл егемен еліміз үшін тарихи сәт болды. Баршаңызға құтты болсын деймін. Шын мәнінде, Ата Заңнан биік ештеңе жоқ. Себебі Конституция – мемлекеттігіміздің мызғымас тұғыры, Тәуелсіздігіміздің айнымас темірқазығы. Қазақ – Ұлы дала заңына бас иген, ар-ұяттан аттамаған халық. Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, Әз Тәукенің Жеті жарғысы – нағыз дала заңының жарқын үлгілері. Осы дәстүр ешқашан үзілген емес. Жұртымыз дала заңынан қазіргі Ата Заңына дейін тарихи жолдан өтті. Өткен ғасырдың басында қазақ зиялылары бұл іске елеулі үлес қосты. Кеңес заманында еліміздің құқықтық іргетасы қаланды, білікті заңгерлер шоғыры пайда болды.


1993 жылы егемен Қазақстанның алғашқы Ата Заңы бекітілді, мемлекетіміздің конституциялық құрылымы айқындалды. Бірақ көп ұзамай жаңа тарихи ахуалға сай келетін жаңа Конституция қабылдау қажет болды. Осыған орай, арнайы кеңес құрылды, оған бір топ белгілі отандық заңгер мүше болып, белсенді жұмыс жүргізді. Шетелден шақырылған сарапшылар да осы маңызды іске атсалысты. Ата Заңымыздың жобасын талқылауға миллиондаған азамат қатысты, мыңдаған ұсыныс келіп түсті. Конституция туралы айтқанда, тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың табанды еңбегіне әділ баға беру қажет. Ол Конституция қабылданған кезде Мемлекет басшысы ретінде шешуші рөл атқарды. Осылайша, 1995 жылы 30 тамызда Тәуелсіздік төлқұжаты, яғни, Конституция қабылданды. Еліміздің басты заңына «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...» деген сөздер жазылды. Конституциямыз Тәуелсіздігімізді нығайтуға зор ықпалын тигізді, еліміздің одан әрі дамуына даңғыл жол ашты. Қазақстан дербес мемлекет ретінде әлем қауымдастығының белді мүшесі атанды. Әрине, уақыт бір орында тұрмайды. Отыз жылда түрлі себепке байланысты Ата Заңға 6 рет түзету енгізілді.

Бірақ ең басты конституциялық өзгеріс осыдан үш жыл бұрын жасалды деп айтсақ, орынды болар. Конституциялық реформаның арқасында еліміздің саяси-құқықтық жүйесі түбегейлі жаңа сипатқа ие болды. Сол кезде Конституцияға түзетулерді Парламент арқылы өткізу керек деген ұсыныс кеңінен айтылды. Бірақ күрделі болса да, басқа жолды таңдау жөнінде шешім қабылданды. Ел болашағына тікелей әсер ететін аса маңызды шешімдерді тек қана референдум арқылы қабылдау қажет деген ұстанымды міндетті түрде сақтау керек деп ұйғардым.

Елімізде «Республикалық референдум туралы» заң ширек ғасыр бұрын қабылданды. Бірақ осы кезге дейін бірқатар себеппен бүкіл халық өзекті мәселелер бойынша дауыс бермеді. Ал азаматтарымыз ел тағдырына қатысты әр мәселеге өз ой-пікірін, көзқарасын ашық білдіргісі келді. Қоғамымызда дәл осындай сұраныс болды. Сондықтан референдум өткізу туралы бастамаға барша халық бірауыздан қолдау көрсетті. Жұртымыз Конституцияға енгізілген түзетулерді зор құлшыныспен жақтап, дауыс берді. «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық» деген Конституция бабы нақты жүзеге асырылды. Бұл қоғамымыздағы саяси үрдіске зор серпін берді. Енді еліміздегі барлық маңызды шешімдерді бір ел болып талқылап, бірге қабылдайтын болдық. Былтыр Атом электр стансасын салуға қатысты өткен референдум – соның айқын дәлелі.

Шын мәнінде, 2022 жылы жүргізілген реформа Қазақстанның конституциялық құрылымы тарихындағы ең мазмұндысы еді. Мұндай реформаны қолға алуға сол кезеңдегі өте күрделі саяси жағдай себеп болды. Референдумда Ата Заңға түзету енгізумен шектеліп қалмай, Конституцияның жаңа жобасын дауысқа салу туралы көптеген ұсыныс айтылды. Мұндай бастамалардың көтерілуі бекер емес еді. Заңнамалық тұрғыдан орынды әрі саяси жағынан биліктің беделін арттыратын айтарлықтай оңтайлы тәсіл болып көрінді. Алайда 1995 жылы қабылданған Конституцияны реформалаумен шектеліп, оның негізгі мән-мазмұнын сақтау жөнінде шешім қабылдадым. Осы арқылы Конституцияның басты ережелерінен айнымайтынымызды дәлелдедік. Сондай-ақ ел бірлігі, халықтың тыныш әрі берекелі өмірін қамтамасыз ету және ішкі саяси тұрақтылықты сақтау секілді мемлекетіміздің жоғары құндылықтарын берік ұстанатынымызды көрсеттік. Осы шешімнің арқасында бүгін Конституцияның 30 жылдық мерейтойын атап өтіп отырмыз. Дегенмен жаңа саяси жағдайға, қоғамды жан-жақты жаңғырту міндеттеріне сай келмейтін Конституциядағы ережелер референдум арқылы жойылды.

Сондықтан нақты реформаның нәтижесінде Конституция баптарының үштен бірі жаңартылды. Бұл – конституциялық реформа ауқымының айқын көрсеткіші. Көп жылдан бері қоғамның көкейінде жүрген Әділдік, Ашықтық, Есептілік, Жауапкершілік қағидаттары Ата Заңда көрініс тапты. Азаматтардың Конституцияға сенімі нығая түсті. Референдум өткізудегі басты мақсат осы болатын. Сондай-ақ еліміздің саяси жүйесінде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты орнықты. Бұл билікте өзара тиімді байланыс пен тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік берді. Президенттің жеті жылға бір рет қана сайлануы ел тарихындағы аса маңызды саяси-құқықтық бетбұрыс деп айтуға толық негіз бар. Себебі мұндай жағдай Қазақстанда бұрын-соңды болған емес. Осылайша, елімізде биліктің бірегей үлгісі пайда болды, яғни, мемлекеттік басқару жүйесі жаңа қағидаға сай жұмыс істей бастады, сол арқылы мемлекеттегі саяси үдерістер әлдеқайда түсінікті, болжамды, айқын бола түсті. Нақты айтқанда, Президенттің жақын туыстарына билік жүйесінде лауазымды қызмет атқаруға тыйым салынды. Биліктегі отбасылыққа тосқауыл қойылды. Бұл да өте қажетті қадам болды. Халықтың осы шешімі күмәнмен қарады, тіпті қабылдай алмады. Бүгінде біз таңдаған стратегиялық бағыттың дұрыс екеніне көзіміз жетті. Бұл елімізді өркениетті қоғам құру жолына бастайды. 2022 жылы өткен референдум ұлтымызды бұрын-соңды болмаған деңгейде ұйыстырып, мемлекет алдындағы стратегиялық міндеттердің төңірегіне топтастарды. Азаматтарымыздың жаңа саяси бағдарды бірауыздан қолдауы алға ілгерілеуден басқа жол жоқ екенін айқын көрсетті. Тарихи өлшем тұрғысынан өте қысқа уақыт ішінде қоғам саяси кемелдік пен азаматтық жауапкершілікті күшейтетін іргелі өзгерістерді бастан өткерді. Әділетті Қазақстанды құру процесін енді ешкім тоқтата алмайды. Өткенге оралуға, ең алдымен, еліміздің жастары жол бермейді. Білімді жас ұрпақ келешекке көз тігеді. Олар Қазақстанды жаңа заманның талабына сай келетін өркениетті мемлекет ретінде көргісі келеді.



Түптеп келгенде, конституциялық реформа саяси жаңғыру үдерісіне зор серпін берді. Парламенттің рөлі артты, Үкіметтің жауапкершілігі күшейді. Орталық және жергілікті атқарушы биліктің құзыреті қайта бөлінді. Жаңа талапқа сәйкес Президент, Сенат, Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы өтті. Өкілді билікке әртүрлі көзқарастағы саяси күштер мен азаматтар келді. Түрлі саяси партиялар Парламенттен орын алды. Аралас сайлау жүйесі тәуелсіз үміткерлерге жол ашты. Барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының 90 пайызы бір мандатты округтен сайланды. Төрт жылдың ішінде барлық ауыл әкімдері жаңа ережеге сәйкес сайланды. Олардың көбі – бұрын мемлекеттік қызметте жұмыс істемеген азаматтар. Осылайша, билікке жаңа буын өкілдері келіп жатыр. Биылдан бастап аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін халық тікелей сайлайтын болды. Бұл – Орталық Азия аймағында бұрын-соңды болмаған тәжірибе.

Елімізде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы орныға түсті. Азаматтарымыз ел өміріне қажетті шешімдерді қабылдау үдерісіне белсене қатысатын болды. Әсіресе, реформаларды жүзеге асыру ісінде билік пен қоғамның мүддесі бір екені анық байқалды. Елдегі өзгерістер, ең алдымен, халықтың игілігі, ұрпақтың болашағы үшін жасалып жатыр. Мен бүгінгі мерейлі сәтте осы тарихи қадамды жасауға үлес қосқан барша азаматқа алғыс айтамын. Біздің қазіргі Конституциямыз – өркениетті болашаққа жол ашатын, халқымыздың игілігіне қызмет ететін Ата Заң. Біз бір ел болып қолға алған реформалар Конституциямыздың жасампаз рухын күшейте түсті. Бұл кезең еліміздің тарихында түбегейлі жаңғыру кезеңі болып қалары анық. Ата Заңымызда «Қазақстанның ең қымбат қазынасы – Адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған. Бұл – әрдайым мүлтіксіз орындалуға тиіс қағида. Осыған орай, нақты реформа жасалды. Еліміздегі заң үстемдігін қамтамасыз ететін аса маңызды институт – Конституциялық сот құрылды. Енді азаматтар қандай да бір заң өз құқығы мен бостандығына нұқсан келтіреді деп санаса, Конституциялық сотқа жүгіне алады. Екі жарым жыл ішінде бұл органның қарауына 11 мыңнан астам өтініш келіп түсті.

Бұл халықтың жаңадан енгізілген конституциялық бақылау институтына сенімі жоғары екенін көрсетеді. Конституцияға қайшы көптеген нормалар құқықтық жүйеден алынды. Бұдан былай Конституциялық соттың шешімі мен құқықтық ұстанымы әділдік рухына сай келетін жаңа заңнамалық қолданыстың негізіне айналды. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті енгізу нәтижесінде азаматтардың мемлекетпен жария-құқықтық қатынастарын реттеу тәсілдері түбегейлі жаңарды. Кодекстегі жаңа новеллалар арқылы соттардың тек мемлекет мүддесін қорғауға бағдарланған әдепкі ұстанымы жақсы жағына өзгерді. Сот үкімінде субъективтілік азайып, анағұрлым әділетті шешімдер шығарыла бастады. Қазіргі статистика азаматтар мен кәсіпкерлердің мемлекеттік органдарға қарсы істерде 60 пайызға дейін жеңіске жететінін көрсетіп отыр. Жүргізілген реформалар сот жүйесіне сенімді айтарлықтай арттырды. Судьяларды іріктеу және тағайындау үдерісін әділ әрі ашық етіп, олардың тәуелсіздігін күшейтті.

Сот әкімшілігі жетілдіріліп, сот ісін жүргізуді цифрландыру басталды. Бұрын азаматтар іске қатысты шағымдану мүмкіндігі жоқтығына жиі арызданатын. Сондықтан кассациялық соттарды құру және биылғы 1 шілдеден бастап «жаппай» кассация қағидатын енгізу Қазақстанның сот жүйесін жаңғыртудағы маңызды қадамдардың бірі болды. Конституциялық реформа нәтижесінде прокуратура органдарының қадағалаушылық құзыреті күшейтілді. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл конституциялық мәртебеге ие болды. Еліміздің барлық аймағында өкілдіктері ашылды. Енді Уәкілдің тәуелсіздігі мен иммунитетіне Ата Заң кепілдік береді. Бұдан бөлек, Омбудсмен Бас прокурор сияқты Конституциялық сотқа жүгіну құқығына ие болды.

Заң үстемдігін қамтамасыз ету – біздің стратегиямыздың ең маңызды қағидасы. Бұл – өркениетті және озық қоғамның басты өлшемі. Қоғамымызда

заң мен тәртіп сақталмаса, ешқандай жетістік пен ілгерілеу болмайды, бұл – анық нәрсе. Заңды сыйлайтын ел қашанда берекелі болады. Сондықтан мен әр сөзімде заң мен тәртіптің маңызын ерекше атап өтіп жүрмін. Басқаша айтқанда, бұл – бізге дәстүрлі болмысымызды өзгерту қажет деген сөз. Заңды құрметтеу, тәртіпке бағыну ұлтымыздың қанына сіңіп, қасиетіне айналуы қажет. Бауыржан Момышұлының «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деген сөзі қазіргі таңда аса өзекті. Сондықтан заңды қасақана бұзатын азаматтарға, қоғамдық тәртіпке және тұрақтылыққа кері әсер ететін әрекеттерге міндетті түрде құқықтық баға беріледі.

Мектеп қабырғасында, жоғары оқу орындарында құқықтық тәрбие жұмысын күшейту қажет. Балаларға заңдарды қарапайым тілмен түсіндірген абзал. Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желі арқылы тиісті жұмыс жүргізілуі керек. Жастардың құқықтық санасына отбасындағы тәрбие де зор ықпал етеді. Мұны ешқашан ұмытпауымыз керек. Ата-ана, мектеп және мемлекет күш жұмылдырып, бала тәрбиесіне баса мән бергені жөн. Сонда ғана заңға бағынатын, өзінің де, өзгенің де құқығына құрметпен қарайтын ұрпақ тәрбиелейміз. Заң мен тәртіп – Әділетті Қазақстанды құрудың басты алғышарты. Жалпы айтқанда, біз мемлекеттік саясатта терең өзгеріс жасадық. Конституциялық реформа осы ауқымды жұмыстың берік құқықтық арқауы болды. Сол арқылы саясатта, экономикада, әлеуметтік салада, сот жүйесінде «Әділетті мемлекет» қағидатын жүзеге асыруға жол ашылды.

Конституцияда жер және барлық табиғи ресурстар халыққа тиесілі екені айқын көрсетілген. Осы қағидатты іс жүзінде орындау үшін маңызды шаралар қабылданды. Менің тапсырмаммен «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы әзірленді. Қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының жартысы балалардың арнайы есепшотына жіберілетін болды. Былтырдан бері Ұлттық қордан 1,5 миллиард доллардан астам қаржы бөлінді. Бұл – жас ұрпақтың болашаққа нық сеніммен қарауына мүмкіндік беретін мемлекетіміздің өте маңызды шешімі. Мұның бәрі – жаңарған Конституцияның жемісі. Ата Заң, шын мәнінде, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғайтын толыққанды әрі тиімді құралға айналды.

Бірқатар маңызды заңдар мен арнайы жоспарларды қабылдау арқылы қолданыстағы Конституцияның орасан зор әлеуеті іске асырылып жатыр. Былтыр Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы заң қабылданды. Бұл адамды еркінен тыс қандай да бір жолмен пайдалануға болмайтынына кепілдікті күшейтті. Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін берілетін жаза едәуір қатаңдатылды. Некелесуге мәжбүрлегені үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленді. Адам ұрлағандар да қатаң жазаланады. Сонымен қатар қылмыстық сот үдерісін ізгілендіру және оның тиімділігін арттыру үшін нақты қадамдар жасалды, тиісті кодекстерге ауқымды түзетулер енгізілді. Конституцияның мерейлі белесіне орай Рақымшылық туралы заң қабылданды. Себебі мемлекет қылмыспен күрес саясаты мен әлеуметтік әділдік мәселесіне келгенде адамгершілік құндылықтарын басты орынға қояды. Конституция әрдайым адам құқығының темірқазығы болуға тиіс. Бұл – мемлекет саясатындағы бұлжымас қағида. Конституциямыз алдағы уақытта да халқымыздың жарқын болашағына жол ашатын ең басты құжат болып қала бермек.

Ата Заң еліміздің жалпыұлттық бірегейлігін нығайтуды, сондай-ақ заңды мүлтіксіз сақтау және адал азамат идеологиясын ілгерілетуді көздейтін жаңа қоғамдық келісімнің айқын нышанына айналды. Заң үстемдігі – әділетті қоғам құруға және азаматтарымыздың берекелі өмірін қамтамасыз етуге апаратын төте жол. Сондықтан тағы да қайталап айтамын: еліміздің барлық азаматтары заңды құрметтеп, сақтауы керек. Қазақстанның заңгерлер қауымдастығы азаматтарымызға Конституцияның негізгі ережелерін түсіндіріп, Заң мен тәртіп қағидатына сай қоғамдағы әрбір әрекетіне жауапкершілікпен қарауға үндеуі қажет. Қазақстан Конституциясы ұлтымыздың кемелдігі мен болашаққа ұмтылысын бүкіл әлемге паш етеді.

Конституцияның әр жолы мен рухын сақтау, соның негізінде жоғары құқықтық мәдениет пен ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру – еліміздің келешектегі табысының кепілі. Мұны барша халық түсінуге тиіс. Геосаяси тұрақсыздық белең алып, технология көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатқан кезеңде заңнаманы ұдайы жаңғыртудың маңызы зор. Жаппай цифрландыру және жасанды интеллект мемлекет пен қоғамды өркендетудің мүлдем жаңа ұғымдары мен тәсілдерінің пайда болуына ықпал етті. Көптеген елде адамның рөлі мен орны, жалпы оның постгуманистік әлемде тіршілік етуі жөнінде қоғамдық және парламенттік пікірталастар қызу жүріп жатыр. Биотехнологияның жедел дамуы да біраз сұрақ туындатады. Оның салдары күрделі құқықтық коллизияға және қалыптасқан этикалық нормалардың ескіруіне әкеліп соғуда. Заң шығарушылар халықаралық құқық жүйесін қайта құру арқылы өз елінің егемендігін сақтау міндетімен бетпе-бет келеді. Сондықтан конституционализм ешқашан бір орында тұрмайды. Ол заң шығару үдерісімен тығыз байланысты. Алайда оған мүлдем жаңа технологиялық, экономикалық және геосаяси жағдайлар әсер етеді. Бұл мәселені Қазақстанның кәсіби заңгерлер қауымдастығы жан-жақты зерттеп, ұдайы назарда ұстауға тиіс деп санаймын.

Ұлт заңы – Конституциямыздың жасампаздық күші зор. Өйткені Ата Заңның әр бабында барша азаматтарымызға ортақ құндылықтар мен біртұтас халқымыздың мақсат-мүддесі бар. Конституциялық, саяси, экономикалық реформалардың, халқымыздың орасан зор күш-қуаты мен әлеуетінің, сондай-ақ білім, ғылым және мәдениет саласына салынған ауқымды инвестициялардың арқасында елімізде шын мәнінде жақсы өзгерістер жасалып жатыр. Жақсыны жақсы деп айту керек. Бұл да әділеттілік көрінісі.

Оқушыларымыз бен студенттеріміз беделді халықаралық олимпиадаларда топ жарып жүр. Спортшыларымыз әлемдік сайыстарда жеңімпаз болып, еліміздің мерейін асыруда. Алдына нақты мақсат қойған азаматтарымыздың бәрі білім, ғылым, өнер, бизнес және басқа да көптеген салада табысқа жетуде. Қазақстан халықаралық қауымдастыққа ашық мемлекет, бізде ғаламтор еркіндігі бар екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Елімізде бірде-бір желінің негізгі арнасы жабылған жоқ, барлық азаматтарға әлемдік жаңалықтардың көздеріне жол ашық.

Біздің азаматтарымыз шетелге еркін барып тұрады. Ал жастарымыз өздері таңдаған университеттерде білім алуда, оларға ешқандай тосқауыл, кедергі жоқ. Осындай мемлекеттік саясат өз жалғасын табады. Көптеген елдің жастары бізді болашағы жарқын мемлекет ретінде таниды, Қазақстанға келгісі келеді, келіп те жатыр. Еліміздің мақсаты – айқын, келешегі – зор. Біз цифрландыру мен жасанды интеллектіні ел игілігіне қолданатын озық мемлекет боламыз деп белсенді түрде жұмыс істеп жатырмыз. Қазір Қазақстанның барлық аймағында мыңдаған шақырым жол салынып, жөнделуде. Әуежайлар мен көпірлер бой көтеріп, су нысандарының құрылысы басталып жатыр. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы және басқа да маңызды инфрақұрылым салынуда. Жалпы Үкіметке инфрақұрылымдық құрылыстың сапасына баса мән беру қажет деген қатаң нұсқау берілді. Бұл мәселе Үкіметтің және құқық қорғау мекемелерінің бақылауында болады. Елімізде жыл сайын көптеген өндіріс орындары ашылатын болды. Әсіресе, жоғары технология саласындағы кәсіпорындар іске қосылуда. Осылайша, біз ұлттық экономикамыздың мықты индустриялық негізін қалап жатырмыз. Инвестиция тартып, бизнеске қолайлы жағдай жасап, аймақтарды қолдау үшін жүйелі жұмыс істелуде. Соның нәтижесінде биылғы жеті айдағы экономикалық өсім 6 пайыздан асты. Мұның бәрі аяқ астынан пайда болған жоқ. Бұл – қажырлы еңбектің және табанды түрде жасалған түбегейлі реформалардың нәтижесі. Жүйелі және үйлесімді жұмыс пен берекелі бірліктің арқасында еліміз жаңа кезеңге қадам басты.

Бір сөзбен айтқанда, Қазақстан біртіндеп дамудың даңғыл жолына түсіп келеді. Енді бос сөзге берілмей, жанжақты өркендеуге бастайтын осы бағдарымыздан айнымай, тек қана алға ұмтылуымыз керек. Сонда біз озық ойлы ұлт болып, теңдессіз табысқа қол жеткіземіз, биік белестерді бағындырамыз. Біз бәріміз төл тарихымызға қазақтың қайта жаңғыру дәуірінің өкілі ретінде енуге тиіспіз. Себебі бәріміз бір дәуірде өмір сүреміз, еліміздің болашағына бірге жауаптымыз. Біздің ұрпақ міндетті түрде үлкен жетістікке куә болып, табысқа жетуі керек. Балаларымыз бен немерелерімізге дамыған, өркениетті, құқықтық ел қалдыруымыз қажет. Бұл – біздің тарихи борышымыз. Осы мақсатқа жету үшін біз қазір Әділетті, Таза, Қауіпсіз әрі Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз. Түптеп келгенде, бұл – ұлттық идеология.

Біздің басты міндетіміз – озық ойлы, бәсекеге қабілетті ұлт болу, халықтың әл-ауқатын арттыру, елдегі тұрақтылықты сақтап, қоғамдық келісімді қамтамасыз ету. Сондықтан қазақ елінің қастерлі төлқұжаты – Конституциямыздың әр бабы мүлтіксіз орындалады. Бұл – баршаға ортақ міндет. Бәріңізге мәлім, мен 8 қыркүйекте халыққа Жолдауымды жариялаймын. Еліміздің экономикалық және әлеуметтік саясатындағы маңызды мақсат-міндеттерді айқындаймын. Ардақты ағайын! Конституциямыздың 30 жылдығы – еліміз үшін тарихи меже. Бүгін арамызда Конституциямыздың алғашқы жобаларын әзірлеуге қатысқан азаматтар отыр. Соңғы конституциялық реформаны жүзеге асыруға белсене атсалысқан бұрынғы депутаттар мен белгілі ғалымдар бар. Бәріңізге зор ризашылығымды білдіремін. Мен Конституцияның 30 жылдығына орай мемлекеттік наградамен, соның ішінде мерекелік медальдар бар, бір топ азаматты марапаттау туралы шешім қабылдадым. Баршаңызға амандық, табыс тілеймін!

Конституциямыздың айбыны асқақ болсын!

СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК КЕЛЕШЕГІН ТАЛҚЫЛАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Төраға Си Цзиньпиннің шақыруымен 30 тамыз – 3 қыркүйек күндері Қытай Халық Республикасына барады.

Бұл туралы Ақорданың ресми телеграм-арнасы ақпарат таратты. Сапар аясында өтетін жоғары деңгейдегі келіссөздер барысында қазақ-қытай мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық серіктестігін нығайту перспективасы талқыланады.

31 тамыз – 1 қыркүйек күндері Қазақстан Президенті Тяньцзинь қаласында өтетін Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммитіне және «ШЫҰ плюс» жиынына қатысады. 2 қыркүйекте Мемлекет басшысы Бейжіңге барып, онда Қазақстан – ҚХР Іскерлік кеңесінде сөз сөйлеп, Қытайдың ірі компания жетекшілерімен бірқатар кездесу өткізеді. 3 қыркүйек күні Қасым-Жомарт Тоқаев Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына арналған салтанатты іс-шараға мәртебелі мейман ретінде қатысады.



МҰНДАЙ ҚАСІРЕТ ҚАЙТАЛАНБАУҒА ТИІС

29 тамыз – ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күні. Осыған орай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік желідегі парақшасында жазба жариялады.

«Бүгін – Ядролық сынақтарға қарсы халықаралық іс-қимыл күні. Бұл атаулы күнді БҰҰ Бас Ассамблеясы Қазақстанның бастамасымен бекітті. Халқымыз атом қаруын сынаудан қатты зардап шекті. Мұндай қасірет қайталанбауға тиіс. Біз кейінгі ұрпақтың жарқын болашағы үшін бейбітшілікті нығайтып, халықаралық әріптестікті дамыта түсуіміз керек. Ядролық қарудан және сынақтардан біржола бас тартуға күш салуымыз қажет. Бейбітшілік пен қауіпсіздік – бүкіл адамзатқа ортақ ең басты құндылықтар» деп жазды Қазақстан Президенті өзінің Х парақшасында.

ҚЫЛМЫС АЗАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын және өзге де тапсырмаларын жүзеге асыру шеңберінде Ішкі істер министрлігі елімізде қауіпсіз қала және ауылдық ортаны құруға күш салуда.

Күн сайын 14 мыңнан астам полиция қызметкері мен Ұлттық ұланның әскери қызметшісі қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді. Бүгінде 15 мыңнан астам патрульдеу маршруттары әзірленген. Бұл барлық проблемалық аймақтарды қамтуға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, қайталануы мүмкін қылмыстардың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мұндай іс-шаралар елеулі нәтижелер беруде.

Осы жылдың басынан бастап қоғамдық орындарда және көшелерде, сондай-ақ бұрын сотталған адамдар арасында құқық бұзушылықтар санының азаюы тіркелді. Полицияның үйлесімді жұмысының арқасында 10 мыңнан астам қылмыс ашылды, сондай-ақ 10 млн-ға жуық әкімшілік құқық бұзушылықтардың жолы кесілді. «Біздің жұмыстың негізі – «Заң және тәртіп» қағидаты. Заң бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған іс-шаралардың нәтижесінде қылмыстар саны 13%-ға төмендеді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 9 мыңға аз. Кісі өлтіру, қарақшылық, тонау, бұзақылық, ұрлық және мал ұрлығы азайды. Бұрын сотталғандар жасайтын, қоғамдық орындарда және қару-жарақпен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтар саябырлады. Бұл ретте олардың ашылуы жақсарды» деп түсіндірді Ішкі істер министрі Ержан Сәденов.

ЕТ НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?

Ауыл шаруашылығы министрлігінің хабарлауынша, соңғы уақытта ақпараттық кеңістікте сиыр еті бағасының өсуі мен ішкі нарықта ет тапшылығының ықтималдығына қатысты алаңдаушылық байқалып отыр. Ресми ақпаратқа сәйкес, 7 айдағы нақты деректер саладағы тұрақтылық пен оң динамиканы көрсетеді.

«Өндірушілерден шыққан сиыр етіне көтерме бағалар кг 2400-3100 теңге аралығында, бөлшек саудада – 3000-3700 теңге/кг, өңірге байланысты өзгеріп отырады» делінген хабарламада. Министрлік бағаның өсуі ішкі факторларға байланысты екенін түсіндірді. Атап айтқанда, селекциялық-асыл тұқымдық жұмысты субсидиялау тоқтатылды, энергия ресурстары қымбаттады, жем-шөп, жанар-жағармай, ветеринарлық препараттар құны артты, АӨК-дегі жалақы көтерілді, сондай-ақ жеткізу тізбегіндегі делдалдардың әсері байқалады. Қаңтар-маусым айларында сиыр етінің экспорт көлемі 16,1 мың тоннаға жетіп, 2,4 есе өсті. Негізгі бағыттар – Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан, Қытай және БАӘ. Осы мәселеге қатысты газетте сараптама мақала жариялаған едік. (№97, «Astana aqshamy», «Еттің бағасы шарықтап барады. Неге?»).

№102 (4846) 30/08/2025 Сенбі

БІЛІМ ГРАНТЫ БЕРІЛДІ

Елорда әкімдігінде білім гранттарын табыстау рәсімі өтті. Астаналық жастар елорданың жоғары оқу орындары мен колледждерінде тегін оқу мүмкіндігіне ие болды.



Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

«Біз Конституция күні қарсаңында білім гранттарын табыстау дәстүрін жалғастырып келеміз. Бірнеше жылдан бері мәслихат депутаттары демеушілермен бірге елордалық жастарды қолдап жүр. Бүгін VIII шақырылым депутаттары гранттарды ерекше мұқтаж жандарға табыстап отыр. Олар – көпбалалы және әлеуметтік осал отбасылардың балалары, сондай-ақ қала өміріне елеулі үлес қосқан белсенділер. Биыл бұл бастаманы «Тұран-Астана» университеті, Қазақ агротехникалық университеті, Astana International University, «СИНЕРГИЯ» университеті және Мағжан Жұмабаев атындағы халықаралық жоғары колледжі қолдады. Солардың серіктестігі мен демеушілердің арқасында сұранысқа ие техникалық және гуманитарлық мамандықтар бойынша гранттар бөлінді. Біз үшін жастардың оқуына, дамуына және армандарын жүзеге асыруына жағдай жасау аса маңызды. Бұл гранттар – жай ғана қаржылай көмек емес, болашақ құруға, өз әлеуетін жүзеге асыруға және елімізге пайда әкелуге берілген нақты мүмкіндік» деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

Үлгілі ісімен көзге түсіп жүрген жастардың бірі «Жастар рухы» ұйымының еріктісі Ильяс Мұстафин.

«Мен №101 орта мектепті аяқтадым. IT саласына қызығамын, сонымен қатар оқуымды еріктілік қызметпен қатар алып жүрдім. Табандылығым мен ұйымның қолдауының арқасында білім грантының иегері атанып, «Тұран» университетіне «қаржы» мамандығына түстім. Бұл – мен үшін үлкен қадам, өйткені сүйікті ісімде өзімді дамытуға мүмкіндік алдым әрі ата-анама түсетін қаржылық салмақтың бір бөлігін жеңілдеттім. Шынымды айтсам, бұл мүмкіндіктің берілгеніне өте қуаныштымын. Себебі грант – отбасымның үмітін ақтауға берілген нақты мүмкіндік» дейді ол.



«ЖАСЫЛ ЕЛ» МАУСЫМЫН ЖАПТЫ

Бас қалада «Жасыл ел» студенттік құрылыс және жастар еңбек жасақтарының XXI еңбек маусымы салтанатты түрде жабылды. Конституцияның 30 жылдығына орай, сондай-ақ «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында Жастар сарайында өткен жиынды Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен «Республикалық студенттік құрылыс және жастар жасақтары қозғалысы» қоғамдық қоры ұйымдастырды.



Райхан РАХМЕТОВА

«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары бағдарламасы 2005 жылдан бастап жүзеге асырылып келеді. Осы уақыт ішінде елордалық штаб қала тұрғындары үшін үлкен әлеуметтік маңызы бар жұмыстарды атқарып, жаз айларында 14 пен 35 жас аралығындағы жастарды еңбекпен қамтуда. Астана қаласы бойынша аталған бағдарламаға жыл сайын мыңдаған жас қатысады. Олар көгалдандыру, абаттандыру, саябақтар мен мектеп аумақтарын тазалау сияқты жұмыстарға ат салысып, туған қаласының көркеюіне үлесін қосады.

Биыл «Жасыл ел» бағдарламасы аясында елордада 5200-ге жуық жас жұмыспен қамтылды. Олардың арасында көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалары да бар. Барлық қатысушы арнайы құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, еңбекке ынтамен кірісті.

Салтанатты жабылу рәсімінде еңбек маусымына белсенді қатысқан жастардың еңбегі бағаланып, «Үздік топ» аталымы бойынша үш мектеп, атап айтқанда, №56 мектеп-лицейі, №19 орта мектебі және №65 мектеп-гимназиясы марапатталды. Ал «Үздік командир» және «Үздік жауынгер» аталымы бойынша 14 жасөспірім ортаға шығып, оларға алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар балаларды осы жұмыстарға жұмылдыруға атсалысқан мектептердің мұғалімдері де марапатқа ие болды.

Жобаны іске асыруда 100-ден астам серіктес ұйыммен жұмыс істелді. Жасыл ел жасақтары жаз бойы қаланы көгалдандыру, саябақтар мен білім беру нысандары аумақтарын тазарту жұмыстарына белсене қатысты. Бұл – жастар үшін тек табыс көзі ғана емес, сонымен қатар еңбектің қадірін түсініп, патриоттық сезімді арттыратын үлкен мектеп болды. Іс-шара жастарға арналған концерттік бағдарламаға ұласты.

Құрметті елорда тұрғындары мен қонақтары!

Сіздерді еліміздің маңызды мемлекеттік мерекелерінің бірі – Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Конституция – бұл жай ғана заңдар жинағы емес, ол біздің мемлекетіміздің берік іргетасы, тұрақтылықтың, бірліктің және өркендеудің негізі. Дәл осы құжат әрбір азаматтың тең құқығы мен бостандығын қамтамасыз етіп, заңның үстемдігін және әділдікті бекітеді.

Ата Заң қабылданған сәттен бастап Қазақстан сенімді қадаммен алға ілгерілеп келеді: құқықтық жүйе нығайып, ауқымды реформалар жүзеге асырылуда, азаматтардың әл-ауқаты артып келеді. Бұл күн бізге мықты мемлекеттің негізі – заңға құрмет, билік пен халық арасындағы сенім, сондай-ақ Отанымыздың болашағы үшін ортақ жауапкершілік екенін еске салады.

Конституция әр қазақстандықтың құқығын қорғауда сенімді қалқан болып, еліміздің бейбітшілігі мен келісімінің, тұрақты дамуының кепілі болып қала берсін!

Баршаңызға зор денсаулық, бақыт, ертеңгі күнге нық сенім және Қазақстанның өркендеуі жолындағы жаңа жетістіктер тілеймін!

Құрметпен,
Табиғат ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

Құрметті астаналықтар !

Сіздерді Астана қаласы Ардагерлер кеңесі атынан Қазақстан Республикамыздың Конституциясының 30 жылдығымен құттықтаймыз!

Конституция – мемлекетіміздің Тәуелсіздігі мен тұтастығының берік негізі, әр азаматтың құқығы мен бостандығының кепілі. Соңғы отыз жылда еліміздің тұрақтылығы мен дамуына қызмет етіп, Қазақстан бейбітшілік пен келісім ордасына айналды.

Осы мерейлі күні баршаңызға амандық, береке-бірлік, шекарамыз берік болсын!

Әрдайым елімізде әділдік пен заң үстемдігі орнап, ынтымақ пен бейбітшілік арта берсін!

Отанымыздың келешегі жарқын болсын!

С.ЕСІЛОВ,
Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің төрағасы

Құрметті елорда тұрғындары және қонақтары!

Сіздерді еліміздің ең маңызды мерекесі – Конституция күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – әр қазақстандықтың жүрегінде сақталған тарихи күн. Осыдан 30 жыл бұрын ел тағдырына жауапты маңызды шешім қабылданды. Бүкілхалықтық референдум нәтижесінде Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы бекітілді. Бұл – тарих пен тағдыр түйіскен маңызды белес.

Отыз жылда ел өзгерді, қоғам дамыды, мемлекет орнықты. Ата Заңымыз өзінің заман талабына лайықты екенін дәлелдеді. Бұл – тек құқықтық құжат емес, егемендіктің, бірліктің, әділет пен теңдіктің нышаны. Осы жолдың бастауы – Ата Заңда жатыр.

Құрметті қала тұрғындары және қонақтары!

Сіздерді мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституция күнімен құттықтай отырып, баршаңызға зор денсаулық, бейбіт өмір, ашық аспан тілеймін!

Береке-бірлігіміз мәңгілік болғай!

Құрметпен,
З.ҒАЙЫПОВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы

ЖАҢА АЛАҢҚАЙ АШЫЛДЫ

Астана қаласының Алматы ауданындағы тұрғындар үшін тағы бір жайлы демалыс орны ашылды.

Жаңа саябақ аумағында балаларға арналған ойын алаңы, заманауи футбол алаңы және серуендеуге арналған жасыл аймақтар орналасқан. Бұл жоба қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру және бос уақытын тиімді өткізу мақсатында жүзеге асырылды.

Салтанатты ашылу рәсіміне Алматы ауданының әкімі Рүстем Тәуекелов қатысып, тұрғындарды жаңа демалыс орнымен құттықтады.

– Ұрпақ – бәріміздің болашағымыз. Ертеңгі елдің иесі болатын балаларымыздың дені сау, ой-санасы озық, тәрбиелі болуы – бүгінгі біздің жасаған іс-әрекетімізге тікелей байланысты. Сондықтан да, олардың өсіп-өнетін ортасы таза, қауіпсіз әрі қолайлы болуы қажет. Біз осындай игі бастамалар арқылы ұрпаққа қамқор болуға, олардың жарқын болашағы үшін жағдай жасауға тырысып келеміз.Салауатты өмір салтын ұстану – әрбір адамның, әрбір отбасының, қала берді бүкіл қоғамның ортақ мүддесі. Жаңа алаңқай – тұрғындардың күнделікті серуендеп, демалып, спортпен айналысуына арналған ашық кеңістік. Бұл жерде балалар ойнайды, ата-аналар серуендейді, қариялар тынығады. Осындай орындар қала мәдениетінің дамуына, қоғамдағы өзара түсіністік пен сыйластықтың артуына да септігін тигізеді, – деді Рүстем Серікұлы.

Тұрғындар жаңа сквер мен ойын алаңы үшін алғысын айтты.





Талғат ӘБУБӘКІР,
Астана қаласы Әділет департаментінің басшысы:

ЗАМАНАУИ ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫ АРТТЫРАДЫ

Еліміздің ең басты мемлекеттік мерекелерінің бірі – Конституция күні. Бұл күн ел тәуелсіздігінің, демократиялық құндылықтардың және құқықтық мемлекет қағидаттарының орныққанын айғақтайды. Осы мерекеге орай Астана қаласы Әділет департаментінің басшысы Талғат Мейрімханұлымен сұхбаттасып, Конституцияның қоғамдағы маңызы, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы рөлі және әділет саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар туралы әңгімелескен едік.

– 30 тамыз – бүкілхалықтық референдумда қабылданған Ата Заңымыздың 30 жылдық мерейтойы. Еліміздің іргетасын бекіткен құжат аясында соңғы жылдары қандай өзгерістерге қол жеткіздік?

– Конституция қабылданғаннан бері елімізде мемлекеттік басқару жүйесі нығайып, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың жаңа тетіктері қалыптасты.

Осы кезеңде Әділет органдарының қызметі жаңа деңгейге көтерілді: адвокатура, нотариат, жеке сот орындаушылары институттары дамып, халыққа құқықтық көмек көрсетудің жаңа мүмкіндіктері пайда болды. Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру нәтижесінде халықтың құқықтарын қорғау айтарлықтай жеңілдеді.

Соңғы жылдары жүргізілген реформалардың нәтижесінде Конституциялық сот қайта құрылып, азаматтарға тікелей жүгіну құқығы берілді. Электрондық форматтағы «Е-нотариат», «Е-заң көмегі», «Е-өтініш» сияқты заманауи жүйелер арқылы әділет саласының қолжетімділігі кеңейе түсті. Демек, Ата Заңымыз әділет жүйесінің дамуына да берік негіз қалап отыр.

– Қоғам мен халық өмірінде ерекше орын алатын Конституцияны біз қаншалықты дәріптеп, қаншалықты деңгейде насихаттап жүрміз?

– Әділет органдары Конституция нормаларын халық арасында түсіндіруді жүйелі түрде жүргізіп келеді. Ашық есік күндері, құқықтық акциялар, оқу орындарындағы дәрістер мен кездесулер арқылы Ата Заңымыздың құндылықтарын дәріптеу дәстүрге айналды.

Сонымен қатар, азаматтарды қабылдау, түзету мекемелерінде құқықтық кеңес беру, еңбек ұжымдарымен және жастармен кездесулер өткізу жоспарға қойылған. Сот актілерін орындау, адвокаттар мен жекеше нотариустардың қызметі, жеке сот орындаушыларының жұмысы, құжаттарды апостильдеу, коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу сияқты бағыттарда тұрақты түрде түсіндіру жұмыстары атқарылады.

Тұрақты түрде семинарлар ұйымдастырып, радио арналарда сөз сөйлеп, газет-журналдарда мақалалар жариялайды. Жұмыспен қамту орталықтарымен бірлесіп борышкерлерге арналған бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіледі, ішкі істер органдарымен бірлесіп атқарушылық құжаттарды орындамаған борышкерлерге қатысты рейдтер жүргізіледі.

Сонымен бірге, жеке сот орындаушылары мен адвокаттардың қатысуымен әлеуметтік желілерде халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында тұрақты түрде тікелей эфирлер өткізу тәжірибеге айналды.

– Әділет органдары азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуын қамтамасыз ету үшін қандай механизмдер қолданады?

– Конституцияның 12-бабында «Қазақстан Республикасында адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі» деп көрсетілген. Осы қағидатты басшылыққа ала отырып, Әділет органдары азаматтардың құқықтарын қорғау мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін түрлі құралдарды қолданады.

Осыған орай, Әділет органдары, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру, мемлекеттік қызметтерді қолжетімді ету және мемлекет кепілдендірген тегін заң көмегін ұйымдастыру, атқарушы құжаттарды орындау, сенімхаттар мен келісімдер және келісім шарттарды рәсімдеуге қатысты заманауи жүйелерді қолдануда.

Ерекше атап өткен жөн, заманауи цифрлық шешімдер кеңінен енгізілуде, мәселен, «Е-заң көмегі» жүйесі арқылы онлайн форматта тегін құқықтық кеңестер алу, «Е-нотариат» арқылы сенімхаттар, келісімдерді қашықтан рәсімдеу және жекеше нотариустардан құқықтық кеңестерді онлайн алу; «Е-өтініш» жүйесі арқылы мемлекеттік органдарға электронды форматта өтініштермен шағымдар білдіру; «Құқықтық ақпараттық жүйе (ҚАЖ) «Әділет» құқықтық ақпараттық жүйесі арқылы заңнаманы ашық әрі қолжетімді етеді, сонымен қатар, аталған ақпараттық жүйеде жасанды интеллект негізінде Робот-кеңесші азаматтарға онлайн режимде жедел құқықтық ақпарат қызметін көрсетуде. «Робот-сот орындаушы» жобасы – жасанды интеллект негізінде атқарушылық іс жүргізу процестерін автоматтандыру және атқарушылық іс жүргізуді жеңілдетіп, азаматтардың уақытымен қаражатын үнемдеуге және «бір терезе» қағидасы бойынша жұмыс істейді.

2024 жылғы 20 тамыздан бастап Әділет министрлігі мәжбүрлеп орындату саласында жаңа институт – жеңілдетілген іс жүргізуді, яғни Цифрлық сот орындаушысы енгізілді. Жеңілдетілген іс жүргізу аясында борышкерлерден әкімшілік айыппұлдар мен 20 АЕК-ке дейінгі салықтық берешектерді өндіру жеке сот орындаушысының қатысуынсыз, автоматтандырылған тәртіппен жүзеге асырылады. Тәжірибе көрсеткендей, бұл институт өз тиімділігін дәлелдеді, ең алдымен, халық үшін қолайлы екендігін статистикалық деректер айғақтайды.

2025 жылғы 20 тамыздағы жағдай бойынша цифрлық сот орындаушысының көмегімен 350 мыңнан астам құжат орындалып, 7 млрд теңгеден аса қаржы өндірілді. Астана қаласы бойынша 41 мыңнан астам құжат орындалып, 827 млн теңге өндірілді. Нәтижесінде азаматтар 1,7 млрд теңгеден астам қаржысын үнемдеді. Бүгінгі күні Әділет министрлігі жеңілдетілген іс жүргізу аясын кеңейту бойынша жұмыстар жүргізуде.

– Алдағы уақытта Конституция құндылықтарын дәріптеу бағытында Әділет департаменті жоспарларында қандай жаңа бастамалар бар?

– Алдағы кезеңде халықпен ашық диалогты күшейту, жастар арасында құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған жаңа форматтағы кездесулерді ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Әлеуметтік желілерде интерактивті жобалар іске қосылып, азаматтардың жиі қоятын сұрақтарына жедел түсініктеме беру тәжірибесі кеңейтіледі.

Сонымен қатар, Конституция құндылықтарын дәріптеу мақсатында оқу орындарымен, үкіметтік емес ұйымдармен және БАҚ-пен бірлескен шараларды күшейту көзделуде.

– Конституцияны құрметтеу – әрбір азаматтың парызы. Осы мереке қарсаңында халыққа қандай тілек айтқыңыз келеді?

– Конституция – біздің тәуелсіздігіміздің тірегі, мемлекетіміздің басты құндылығы. Әрбір азамат өз құқықтары мен міндеттерін білуі және оны құрметтеуі – елдің дамуы мен бірлігінің кепілі. Сондықтан Ата Заңымызды ардақтап, оның қағидаттарын күнделікті өмірде берік ұстанайық!

Әңгімелескен **Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ**





АТА ЗАҢ – АЗАТ ЕЛДІҢ ТІРЕГІ

Биыл – ерекше жыл. 2025 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына тура 30 жыл толып отыр. Бұл – жай ғана дата емес, ел тарихындағы тағдырлы шешім қабылданған, жаңа мемлекеттілікке негіз қаланған маңызды белес. Ата Заң – тек заңдар жинағы емес, ол – тәуелсіздікпен бірге өмірге келген, жаңа дәуірге бастама болған киелі құжат.



1995 жылдың 30 тамызы – әрбір қазақстандықтың есінде. Сол күні халқымыз бүкілхалықтық референдум арқылы жаңа Конституцияны қабылдап, өз тағдырын өзі шешті. Бұл нағыз демократияның жарқын көрінісі еді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары ел үшін оңай болған жоқ. Кеңестік жүйеден қалған ескі заңдар жаңа қоғамға сай келмейтін. Халықтың көкейінде «Енді қай жолмен жүреміз?» деген заңды сұрақ тұрды. Сол сәтте тарих сахнасына Ата Заң шықты, бағыт беріп, жол көрсетті.

1995 жылы қабылданған Конституция Қазақстанды зайырлы, құқықтық және біртұтас мемлекет ретінде бекітті. Оның әрбір бабы – ел ертеңін ойлап жазылған, әр жолы халықтың мүддесіне негізделген. Бұл құжат адамның ар-намысы мен бостандығын бәрінен биік қойды. Жаңа Конституцияда тұңғыш рет биліктің бөліну принципі, заңның үстемдігі, адам құқықтары нақты көрсетілді. Мемлекеттік тіл мәртебесі де осы заңмен айқындалды.

Отыз жыл ішінде еліміз түрлі тарихи кезеңдерден өтті. Экономикалық реформалар, саяси өзгерістер, халықаралық қатынастар – бәрі Конституция шеңберінде жүзеге асты. Осы құжаттың арқасында Қазақстанда тұрақтылық пен заңдылық орнықты. Ата Заң тек қағаз жүзінде ғана емес, шынайы өмірде де жұмыс істейтін қуатты құрал екенін уақыт дәлелдеді.

Қазіргі Қазақстан – әлемдік қауымдастық мойындаған ел. Мемлекетіміздің халықаралық аренадағы беделі де – Конституциямен бекітілген сыртқы саясат ұстанымының нәтижесі. Демек, бұл құжат елдің ішкі бірлігін ғана емес, сыртқы сенімін де қамтамасыз етіп келеді.

Конституция күні – мереке ғана емес, ойланатын күн. Бұл – әрбір қазақстандықтың өз құқықтары мен бостандықтарын еске түсіріп, ел алдындағы міндетін сезінетін ерекше сәт. Заңды құрметтеу – елге құрмет. Құқықтық мәдениет – тек заңгерлерге емес, бүкіл қоғамға ортақ құндылық.

Білім беру ұйымдарында Конституция күніне арналған ашық сабақтар, дәрістер, пікірсайыстар өтіп жатыр. Бұл – заңға деген сүйіспеншілікті бала жастан қалыптастырудың жолы. Өйткені құқықты білмей, қоғамды өзгерту мүмкін емес.

Қазір Қазақстан жаңа кезеңге аяқ басты. Саяси жаңғыру, әділетті Қазақстан құру – бәрі де Конституцияда жазылған басты ұстанымдарға сүйенеді. Бұл құжат қоғам мен мемлекет арасындағы алтын көпір іспетті.

30 жыл – тарих үшін қас қағым сәт. Ал біз сияқты дамушы жас мемлекет үшін үлкен тарих. Бірақ Ата Заңның миссиясы мұнымен шектелмейді. Ол – келер ұрпақтың да жолындағы Темірқазық. Біз оны жаттап алып, ұмытатын емес, күнделікті өмірімізге енгізетін уақыт келді.

Ата Заң – бұл ұлттың жүрегі, елдің рухы. Конституцияны құрметтеу – Тәуелсіздікті құрметтеу. Ендеше, әр тамыздың соңында тек мереке тойлап қана қоймай, болашаққа жауапкершілікпен қарауды үйренейік. Себебі елдің ертеңі – заң үстемдігіне негізделген әділетті қоғамда.

Зұлфухар ҒАЙЫПОВ,
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы,
саяси ғылымдар докторы

№102 (4846) 30/08/2025 Сенбі

МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ ҚҰЖАТЫ

Биыл Қазақстан Республикасының Ата Заңының қабылданғанына 30 жыл толып отыр. Бұл – тәуелсіз еліміздің құқықтық және демократиялық даму жолындағы аса маңызды тарихи белесі. 1995 жылдың 30 тамызында бүкілхалықтық референдум арқылы қабылданған жаңа Конституция – Қазақстанның егемендігі мен болашағының құқықтық негізін айқындаған басты құжат. Бұл құжат еліміздің саяси, экономикалық және құқықтық жүйесінің негізін қалап, тәуелсіздік тұғырын бекемдеген заңнамалық іргетас ретінде қабылданды.



«Конституция» атауы латын тіліндегі «constitutio» сөзінен алынған, ол «құрылым», «тәртіп» деген ұғымдарды білдіреді. Бұл сөздің өзі-ақ Конституцияның қоғам мен мемлекетті ұйымдастырудағы ерекше рөлін көрсетеді. Шын мәнінде, Конституция – бұл мемлекеттің негізгі Заңы ғана емес, ол халықтың еркін таңдауын, мемлекет пен азамат арасындағы қатынасты, әрбір адамның құқықтары мен бостандықтарының кепілдігін қамтамасыз ететін тұғырлы құжат. Ата Заңның басты мақсаты – құқықтық мемлекетті қалыптастыру, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау, билік тармақтарының өзара теңгерімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету және елдің тұрақты дамуына құқықтық негіз жасау болды.

Қазақстанның Конституциясы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің заңнамалық негізін қалыптастырған құжат. Оның құрылымы кіріспеден және 9 бөлім мен 99 баптан тұрады. Онда адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары, азаматтардың мемлекетпен қарым-қатынасы, мемлекеттік биліктің ұйымдастырылуы, сот жүйесі, жергілікті басқару, сайлау және өзге де маңызды салалар айқын және жүйелі түрде жазылған. Бұл заң – еліміздің тұрақтылығын, бірлігін, даму бағдарын қамтамасыз ететін, барлық саладағы реформалар мен өзгерістерге негіз болатын басты ереже.

Бүгінде Қазақстан Республикасы өзінің егемендігімен әлемдік қауымдастық арасында беделді орынға ие. Еліміздің халқының саны 20,3 миллионнан асты, ал жер көлемі жөнінен Қазақстан әлемде тоғызыншы орында тұр. Бұл – тек географиялық көрсеткіш қана емес, еліміздің даму әлеуетінің жоғары екенінің дәлелі. Мемлекеттік шекарамыз бекітіліп, тұтастығы халықаралық деңгейде танылды. Ата Заңда «Қазақстан Республикасының территориясы тұтас, бөлінбейді және өзгертілмейді» деп анық көрсетілген. Бұл – ел тәуелсіздігінің, тұрақтылығының және қауіпсіздігінің басты кепілі.

Ата Заңның басты ерекшелігі – ол халқымыздың мұрат-мақсаттарын жүзеге асыруға нақты мүмкіндік беретін саяси-құқықтық тетік. Оның әрбір бабы – халық мүддесіне, елдің дамуына, азаматтардың әл-ауқатына бағытталған. Конституцияның қабылдануы Қазақстан халқының өз тағдырын өзі айқындауға мүмкіндік беріп, ел болашағын еркін таңдауына жол ашты. Ата Заңның арқасында Қазақстанда біртұтас билік құрылымы қалыптасып, азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді диалог орнады. Бұл – демократиялық қағидаттардың жүзеге асуына, сөз бостандығының, ар-ождан еркіндігінің және тең мүмкіндіктердің дамуына негіз болды.



30 жылда бағындырылған биіктер – Конституцияның өміршеңдігін дәлелдейді.

Осы отыз жылдың ішінде Қазақстан үлкен тарихи жолды жүріп өтті. Экономикада, саясатта, әлеуметтік салада, білім мен ғылымда, халықаралық қатынастарда елеулі жетістіктерге жетті. Мемлекеттің бұл жетістіктері – Ата Заңның тиімділігі мен өміршеңдігінің айқын көрінісі. Конституция уақыт талабына сай бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулармен жетілдіріліп отырды. Бұл – қоғам дамып, жаңа қажеттіліктер туындаған сайын Ата Заң да соған бейімделіп отырғанын көрсетеді. Бірақ оның басты принциптері – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары өзгеріссіз қалуда. Бұл – Ата Заңның темірқазық тұжырымдамасы.

Ата Заң – еліміздің негізгі құжаты ғана емес, сапалы білім мен ғылымның дамуына құқықтық негіз қалап берген кемел құндылық. Конституциямызда жоғары білім беру саласына қатысты айқын да нақты нормалар бекітілген. Оның 30-бабында: «Азаматтың мемлекеттік жоғары оқу орнында конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар» деп көрсетілуі – мемлекетіміздің білім беру саласына деген ерекше қамқорлығы мен жауапкершілігінің дәлелі. Бұл қағида тек сөз жүзінде емес, іс жүзінде де жүзеге асырылып отыр. Білім – ел дамуының тірегі, ал Ата Заң осы тіректің берік болуы үшін құқықтық негіздерді қамтамасыз етті.

Қазақстан Республикасының Негізгі Заңы және онда айқындалған құқықтық қағидаттар біздің елімізге әлемдік қоғамдастықтың толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік берді, табысты даму мен өркендеуді қамтамасыз етті. Басты талап – Ата Заңымызды құрметтеп қорғау, оның маңыздылығын жоғалтпай сақтау Қазақстанның әрбір азаматының міндеті мен парызы. Конституциямыз – тұрақтылықтың, бірліктің және дамудың кепілі. Оны қастерлеу – тәуелсіздігімізді қорғаумен тең.

Бүгінгі қоғамда конституциялық мәдениеттің жоғары деңгейде болуы – құқықтық мемлекеттің орнығуы мен әлеуметтік әділеттілік қағидаларының жүзеге асуының кепілі. Ата Заңымыз азаматтардың теңдігі мен еркіндігін, ар-намысы мен ар-ожданына қол сұғылмаушылықты, білім алу, еңбек ету, тыныңу, шығармашылықпен айналысу сияқты негізгі құқықтары мен бостандықтарын айқындап берген басты құқықтық тірек болып табылады. Бұл еліміздің тұрақты дамуына, қоғамдық келісім мен әлеуметтік бейбітшіліктің нығаюына негіз болуда.

Осы тұрғыдан алғанда, ел болашағы саналатын жастардың Конституция қағидаларын терең түсінуі, оны құрметтеу мен күнделікті өмірде басшылыққа алуы аса маңызды. Әсіресе, жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттердің құқықтық сауаттылығы мен азаматтық белсенділігін арттыру – мемлекеттің басты стратегиялық мақсаттарының бірі. Себебі құқықтық білім мен азаматтық жауапкершілік – болашақ кәсіби мамандардың бәсекеге қабілеттілігі мен әлеуметтік жауапкершілігінің негізі.

Ата Заңымызда көрсетілген мүмкіндіктерді дұрыс пайдалана білген әр азамат – елдің гүлдену жолындағы сенімді тірегі. Сондықтан да болашақ мамандардың құқықтық санасын қалыптастыру, Конституцияға деген құрметін арттыру, оның қоғам өміріндегі рөлін дұрыс ұғындыру – қазіргі білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі болып қала береді.

Оңалбек АБРАЛИЕВ,
экономика ғылымдары докторы

> Мемлекеттің бұл жетістіктері – Ата Заңның тиімділігі мен өміршеңдігінің айқын көрінісі. Конституция уақыт талабына сай бірнеше рет өзгерістер мен толықтырулармен жетілдіріліп отырды. Бұл – қоғам дамып, жаңа қажеттіліктер туындаған сайын Ата Заң да соған бейімделіп отырғанын көрсетеді

РЕФОРМАЛАРДЫ ЖҮЙЕГЕ АЙНАЛДЫРДЫ

Конституцияның 30 жылдығына арналған мерейтойлық отырыста Парламентаризм институтының директоры Наталья Пан елдің үш онжылдық құқықтық дамуын қорытындылады. Оның айтуынша, Қазақстанның конституциялық эволюциясы институттарды нығайтып қана қоймай, құқық пен экономиканы үйлестіруге негізделген жаңа түсінікті – «конституциялық экономиканы» қалыптастыруда.

Райхан РАХМЕТОВА

Конституция құқық үстемдігі, саяси плюрализм, билік тармақтарының бөлінуі және адам құқықтарын құрметтеу қағидаттарын бекітті. Осы іргетасқа сүйеніп, мемлекет тиімді институттар құрып, тұрақты құқықтық жүйе қалыптастырып, экономикалық реформаларды жүзеге асырды және ішкі тұрақтылықты нығайтты.

– Тәуелсіздік жылдарында Конституция бірнеше рет жаңғыртылды: 1998, 2007, 2011, 2017, 2022 және 2023 жылдардағы реформалар – уақыт талабына бейімделудің дәлелі. 2022 жылғы бүкілхалықтық референдум ең ауқымды бетбұрыс болды: Парламент өкілеттіктері кеңейді, Конституциялық сот құрылды, Президенттің партиялық қызметке қатысуы шектелді, парламенттік бақылау күшейтілді. Бұл өзгерістер Парламенттің рөлін айтарлықтай арттырды. Сенатқа жоғары конституциялық органдардың басшыларын келісу құқығы берілді, заң шығару рәсімдері жетілдірілді, бюджеттік және қаржылық бақылау кеңейді. Жаңа сайлау жүйесі енгізілді, Жоғарғы аудиторлық палата құрылды. Парламент енді заң шығарумен қатар, қоғам мен билік арасындағы диалог алаңына айналып келеді, – дейді Наталья Пан.

Конституциялық сот өз жұмысын бастап, конституциялық заңдылықты нақты қорғау механизмін іске қосты. 2025 жылдың шілдесіне дейін 74 қаулы шығарылды, олардың ішінде Конституцияға сай, сай емес және сот түсіндірмесінде сай деп танылған шешімдер бар. Бұл соттың қоғамдық шешімдер сапасын сүзгіден өткізу функциясын нақты атқарып отырғанын көрсетеді.

Наталья Пан атап өткендей, «конституциялық экономика» тәсілі Қазақстан үшін стратегиялық маңызды. Ол бюджет саясатының әділдігі, салық жүктемесінің теңгерімі, әлеуметтік құқықтарды қамтамасыз ету және тұрақты даму мақсаттарын қамтиды. Құқық мақсатты айқындаса, экономика оған жету құралдарын ұсынады.

Парламентаризм институты бұл үдерісте басты ғылыми-сараптамалық орталық ретінде жұмыс істейді: заң жобаларына талдау жасайды, құқықтық сараптама жүргізеді, нормалардың ықтимал салдарын болжайды. Сондай-ақ ол ғалымдар, депутаттар және қоғам арасындағы пікірталас алаңы қызметін атқарады.

Конституцияның рөлі туралы айта отырып, ҚР Парламентінің заңдар қабылдайтын, бірақ жалпы заңнамалық күн тәртібін айқындайтын орган ретіндегі маңызын атап өтпеу мүмкін емес. Қазіргі уақытта «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы жүзеге асырылуда. Конституцияда Парламент Сенатының ҚР Конституциялық Соты мен ҚР Жоғарғы Сот Кеңесі төрағаларының лауазымдарына кандидатураларды келісу құқығына өкілеттігі бекітілді. Парламент құрамы мен құрылымын айқындайтын заңнаманың ережелері қайта қаралды. Республикадағы заң шығару рәсімдерін реттейтін заңнаманың ережелері қайта қаралды. Бюджеттік рәсімдерге, атап айтқанда, республикалық бюджеттің атқарылу сапасына парламенттік бақылауды жүзеге асыру бөлігінде Конституциялық, бюджеттік, қаржылық заңнаманың ережелері қайта қаралды. Парламент депутаттарын сайлаудың аралас пропорционалды-мажоритарлық моделі енгізілді. Мұның бәрі Парламенттің Заңның қайнар көзі ғана емес, сонымен бірге қоғамдық диалог, Мемлекеттік басқарудың тиімділігін бағалау және уақыттың қиындықтарына жауап беру алаңына айналуына әкелді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы № 505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар келесі сұрақтар бойынша өткізілетіні туралы хабарлайды:

1) Есіл ауданы, Керей, Жәнібек хандар және Ә.Бөкейхан көшелер қиылысында орналасқан жер учаскесінде, «Балабақша, кеңсе орындары және бизнес орталығы бар көппәтерлі тұрғын үй кешені» объектісін орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «СК Лидер-2» ЖШС.

Қоғамдық талқылаулар 2025 жылғы 22 қыркүйекте сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде b.balgozhin@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

«Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп – жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2024 жылы – 4 140 000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда, «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС кепіл мүлкін соттан тыс сатуды күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтардағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүлікті ашық аукцион арқылы сатады. Толығырақ: vsl.kz/torg.

№102 (4846) 30/08/2025 Сенбі

Өткен XX ғасырда Қазақстанда бес Конституция қолданыста болды, олар: Қазақ АКСР-нің 1926 жылғы Конституциясы, Қазақ КСР-нің 1937 жылғы Конституциясы, Қазақ КСР-нің 1978 жылғы Конституциясы, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы және қазіргі қолданыстағы 1995 жылғы Конституция. Қазақстанның конституциялық құрылысының бұрынғы табыстары мен жетістіктері, сонымен қатар олқылықтары мен сәтсіздіктері де – бүгінгі таңда бірдей бағалы дүниелер.



МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Биыл Қазақстан халқы қолданыстағы Ата Заңымызды 30-шы рет атап өтуде. Бұл құжаттың басты ерекшелігі – онда құқықтық, демократиялық, әлеуметтік мемлекеттің қалыптастырылу бағыттары, қоғамның рухани және саяси әралуандығы, нарықтық қатынастардың орнығуы әлемдік талаптарға жан-жақты сәйкестендірілген. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы ҚР Конституциясының 25 жылдығына арналған халықаралық конференцияға қатысып айтқанындай: «Конституция Тәуелсіздігіміздің берік құқықтық негізін қалады. Адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы деп жарияланды. Еліміздің аумақтық тұтастығы, қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық, құқық үстемдігі және демократия қағидаттары бас құжатымызда айқын көрініс тапты». Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияның мазмұны уақыт талабына сәйкес жетіліп, жаңартылып отыратынын, оның заңды құбылыс екенін айтты. Бүгінде бүкіл әлемнің кескін-келбеті өзгеріп жатыр. Осындай кезеңде Қазақстан да көштен қалмай, қарқынды дамуда. Сондықтан қалыптасқан жаңа ахуалға сай Ата Заңның мәтініне қосымша құқықтық тетіктер мен нормалар енгізіліп отырады. Ата Заңымыз қабылданған ширек ғасыр ішінде үш конституциялық реформа жасалды. Бұл жұмысқа азаматтық қоғам кең көлемде атсалысты. Бірақ олардың барлығы тек Парламенттің шешімімен ғана жүзеге асырылды. Ал 2022 жылғы, төртінші конституциялық реформаның ерекшелігі – ол бүкілхалықтық реформа арқылы жүзеге асырылып отыр. Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, 2022 жылғы 5 маусымда жалпыұлттық референдум табысты өтті. Азаматтарымыз дауыс беруге белсене қатысты. Отбасымен бірге барып, ел болашағына бейжай қарамайтынын көрсетті. Шынайы өзгеріске және жан-жақты жаңғыруға деген ұмтылысын білдірді. Келешегіміздің жарқын боларына үміті және сенімі зор екенін байқатты. Еліміз ертеңгі күнге мызғымас бірлікпен қадам басуға дайын екенін анық аңғартты. Референдумның қорытындысы баршаңызға белгілі. «Көпшілік Ата Заңға өзгерістер енгізу туралы менің бастамамды қолдады. Дауыс беруге қатысқан барша азаматтарға зор алғысымды айтамын. Осылайша, ел дамуының тарихи кезеңі басталды. Елді басқарудың жаңа үлгісі пайда болды. Яғни, біз Екінші Республиканы құруға кірістік». Президент өз пікірін былай деп түйіндеді: «Ең басты мәселе, біз Тәуелсіз еліміз – Қазақстан Республикасы атынан 30 жыл ішінде көптеген халықаралық келісімшарттарға қол қойдық, мемлекеттік шекарамызды бекіттік... Біз бүкіл ел болып Жаңа Қазақстанды құрамыз. Бұл оңай шаруа емес. Жұртымыз жаңаша өмір сүруге бейімделуі қажет. Халқымыздың сана-сезімі, құндылықтары түбегейлі жаңаруы керек. Сонда ұлттың жаңа сапасы қалыптасады. Бір сөзбен айтқанда, барша еліміз жаңарады». Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің пікірінше, Конституцияға енгізілген өзгерістердің негізінде Қазақстанды ауқымды саяси жаңғырту күтіп тұр. Оның айтуынша, Ата Заңымызға енгізілген түзетулер еліміз үшін тағдыршешті мәнге ие. Конституциялық реформа дегеніміз – Президенттің 2019 жылдан бергі бүкіл саяси реформаларының қисынды жалғасы, конституциялық түзетулер жобасы азаматтардың сұраныстарына негізделген және бүкіл қоғамның мүддесі үшін жүзеге асырылуда. «Жоба бойынша жетекші ғалымдар, құқықтанушылар жұмыс істеді. Бәлкім, көпшілігіңіз үшін Конституцияның ескі және жаңа редакциясы арасындағы айырмашылықты бірден көру қиын болады. Сондықтан біз барлық өзгерістер мен толықтыруларды бес ірі блокқа бөлдік, олардың әрқайсысы жаңартылған Конституцияда не өзгереді деген басты сұраққа жауап береді».

Түзетулердің алғашқы блогы суперпрезиденттік модельден президенттік республикаға түпкілікті көшуді қамтамасыз етеді. «Біріншіден, Президент өз өкілеттігі кезеңінде ешқандай саяси партия құрамында болмайды. Бұл тыйым Конституциялық соттың, Жоғарғы Соттың, өзге де соттардың төрағалары мен судьяларына, Орталық сайлау комиссиясының, сондай-ақ ҚР жоғары аудиторлық палатасының төрағасы мен мүшелеріне қолданылады. Түзетудің артықшылығы – саяси бәсекелестікті күшейту және барлық саяси партиялардың дамуы үшін тең жағдай жасау. Екіншіден, Президенттің жақын туыстарының мемлекеттік қызметшілер және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымдарын атқаруға құқығы болмайды. Үшіншіден, Президенттің аудандар, қалалар мен ауылдық округтер әкімдерін қызметінен босатуға да құқығы болмайды. Түзетулердің екінші блогы бірқатар билік өкілеттіктерін қайта бөлуге бағытталған. «Біріншіден, Сенаттағы президенттік квота 15 депутаттан 10 депутатқа дейін қысқарды. Бұл ретте олардың бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынады. Екіншіден, Сенат Конституциялық Кеңес пен Жоғарғы Сот Кеңесі төрағаларының қызметіне Президент енгізетін кандидатураларды мақұлдай алады. Үшіншіден, Конституциялық сот құрылды. Конституциялық сот 11 судьядан тұрады, бұл бұрынғыдан төрт адамға көп. Оның құрамы былайша құрылып отыр: 6 судьяны Парламент тағайындап, төрт судьяны Президент тағайындайды. Сонымен бірге Мемлекет басшысы Конституциялық Соттың Төрағасын Сенат келісімімен тағайындайды. Төртіншіден, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата болып қайта құрылды. Оның төрағасы жылына екі рет Мәжіліс депутаттары алдында есеп береді. Мұндай шара депутаттардың бюджетті бақылауын кеңейтеді. Түзетулердің үшінші блогында Парламент пен оның палаталарының рөлі мен мәртебесін арттыру туралы айтылған. Мемлекеттік кеңесші Қазақстан халқы Ассамблеясының квотасы Мәжілістен Сенатқа ауыстырылып, 9 депутаттан 5 депутатқа дейін қысқаратынын еске салды. Мәжіліс депутаттары аралас сайлау жүйесі бойынша сайланады. Мәжілістің 30%-ын бір мандатты депутаттар құрайды. Бұл барлық азаматтардың құқықтарын толық ескеруге мүмкіндік береді. «Мәжіліске заң қабылдау, ал Сенатқа оларды мақұлдау немесе мақұлдамау ұсынылады. Бұл саяси жүйедегі кедергілер мен тепе-теңдік тетігін нығайтады». Конституцияға енгізілген түзетулердің төртінші блогы халықтың ел басқару ісіне көбірек қатысуын көздейді. Ең бастысы, жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі және басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі деген норма Конституцияда түпкілікті және біржақты бекітілген. Мемлекет халық атынан меншік құқығын жүзеге асырады. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке Президент осы өңірдің барлық мәслихаттары депутаттарының келісімімен ғана тағайындайды. Бұл ретте Мемлекет басшысы кемінде екі кандидатура ұсынып, олар бойынша дауыс беру өткізіледі. Ең көп дауыс алған кандидат лауазымға тағайындалады. Түзетулердің бесінші блогы азаматтардың құқықтарын қорғау тетігін күшейтуге бағытталған. Біріншіден, Конституциялық сот азаматтар өтініші бойынша ҚР құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға сәйкестігін қарайды. Екіншіден, өлім жазасын конституциялық деңгейде жою туралы шешім түпкілікті бекітіліп отыр. Үшіншіден, прокуратураның жұмысы Конституциялық заңмен белгіленеді. Бұл жүйелі құқық қорғау қызметін және мемлекет атынан ел аумағында заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды күшейтеді. Төртіншіден, адам құқықтары жөніндегі уәкіл иммунитетке және қандай да бір мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға тәуелді болмау және есеп бермеу кепілдіктеріне ие болды. Оның Конституциялық сотқа жүгінуге құқығы пайда болды. Осы аталған түзетулердің, Мемлекеттік кеңестің пікірінше, Қазақстан үшін тарихи маңызы бар. Бұл реформалар – ауқымды саяси жаңғырудың аса маңызды кезеңі. Осы түзетулер қабылданғаннан кейін 20-дан астам заңды өзгерту қажет болды. Конституциялық реформа жүйелі сипатқа ие. Нәтижесінде барлық мемлекеттік модельдің тиімділігі артып отыр.

> Ата Заңымыз қабылданған ширек ғасыр ішінде үш конституциялық реформа жасалды. Бұл жұмысқа азаматтық қоғам кең көлемде атсалысты. Бірақ олардың барлығы тек Парламенттің шешімімен ғана жүзеге асырылды. Ал 2022 жылғы, төртінші конституциялық реформаның ерекшелігі – ол бүкілхалықтық реформа арқылы жүзеге асырылып отыр

Қазақстан Конституциясының басты тарихи маңызы еліміздің ұлттық бірлігін нығайту мен қоғамымызды одан әрі демократияландыруға ерекше көңіл бөлуі дер едік. Оған елімізді мекендеген жүздеген ұлт пен ұлыс өкілдерінің барлық мүдделерінің қорғалып отырғандығының нәтижесі дәлел болып отыр. Қазақстан халқының біртұтастығы, ұлтаралық келісімі, мемлекеттікті одан әрі нығайту, дамыту аясында ерекше маңызды орын алады.

1995 жылғы Конституция Қазақстанның қазіргі мемлекеттілігінің негізін салды. Тәуелсіздік жылдардың конституциялық реформалары саяси билік институттарын ары қарай жаңғыртуға, билік тармақтары арасындағы қатынастарды реттеп, қазіргі заман талаптарына сәйкестікке келтіруге бағытталған. Сонымен қатар Конституцияда тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің халықаралық беделін жоғарылатудағы тарихи маңызы ерекше атап көрсетілген.

Ата Заңда қоғамда қолданылып жүрген жаңа ұғымдар мен атаулардың ғылыми және күнделікті айналымға енгізілгенін байқау қиын емес. Соның арқасында жаңа кезеңдегі нарықтық термин атаулары арнаулы, түбегейлі теориялық және қолданбалы салаға ауысты, қоғам тұрмысының ажырамас бөлігіне айналды. Бұл Конституцияның сөзсіз жаңашылдығы. Ата Заңның ерекшелігі – ол билік тармақтарының ешқайсысына, мемлекеттік лауазым иелеріне конституциялық құқықтарды бұзуға жол бермеуінде. Мейлі, ол елдің Президенті немесе қатардағы қызметкер болсын, негізгі конституциялық құқықтарды, соның ішінде адам құқықтары мен бостандығын аяққа басуға жол бермейді. Бұрынғы Ата Заңда көрсетілген, бірақ жете тиянақталмаған көптеген маңызды мәселелердің түйінін қазіргі Конституцияда жаңаша шешілген. Мәселен, Конституцияда республиканың азаматтығы туралы талас-тартысқа біржолата нүкте қойылған. Осыған байланысты Қазақстан Конституциясында қос азаматтық болмайтыны заң жүзінде бекітілді. Қазақстан жаңа Конституцияны қабылдау арқылы дүниежүзілік қауымдастықтан өзінің лайықты орнын алды.

Қазіргі Ата Заң – еліміздің өтпелі және одан әрі алға даму кезеңіндегі маңызды тарихи құжат. Сондықтан республиканың әрбір азаматы оның мазмұнын жете біліп, талаптары мен қағидаларын мүлтіксіз сақтауға, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге міндетті. Ата Заңымыздың негізгі қағидаларына сүйене отырып, соңғы кездері мемлекетіміздің басшылығы әлеуметтік мәселелерді шешуге ерекше күш салуда. Тәуелсіздік жылдары ішінде елімізде қабылданған бағдарламалық-стратегиялық құжаттардың негізгі мазмұны әрбір қазақстандыққа деген қамқорлықтан тұрады. Қазақстан егемендік алуымен байланысты қазақ халқының рухани өмірінде де жаңа процестер кеңінен өріс алды. Халыққа білім беру, ғылым мен мәдениет өз дамуының кең жолына шықты. Осыған орай, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 20 наурызда өзінің алғашқы ант беру сәтінде былай деген еді: «Дүние жүзі картасында даму мен демократияның, бейбітшілік пен келісімнің шынайы символына айналған мемлекет пайда болды. Қазақстан тарихында тұңғыш рет жаңа мемлекеттік институттар қалыптастырылды. Олардың қатарында Президенттік институт, қос палаталы Парламент, мемлекеттік қызмет, қарулы күштер, дипломатиялық қызмет, сондай-ақ азаматтық қоғам институттары бар». Қорытып айтқанда, жоғарыда баяндалған маңызды шаралардың барлығы мемлекетіміздің тәуелсіздігін сақтауға, республика халқының бірлігін нығайтуға, оның әлеуметтік-тұрмыс жағдайын, денсаулығын, тіршілік сапасы мен деңгейін арттыруға бағытталғанын жан-жақты ашып көрсетеді.

Талғатбек ӘМИНОВ,
Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері

№102 (4846) 30/08/2025 Сенбі

КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛ ТІРЕГІ



Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. Осы аралықта Конституцияға бірнеше рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Тәуелсіздіктің төлқұжаты саналған Конституция, бүгінгі таңда Қазақстанның Ата Заңы әлемдегі ең жас Конституциялардың бірі болып саналады.

Тоғыз бөлім мен тоқсан сегіз баптан тұратын Ата Заңның алғашқы бабы: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп басталады. Бұл мемлекетімізде адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарының өте жоғары дәрежедегі құндылық ретінде бағаланатындығының айқын дәлелі.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – біздің бостандығымыздың негізі. Өзінің ауқымы бойынша бұл тарихи оқиға – мемлекет пен қоғамның негізгі заңы және бүкіл халық үшін жалпыұлттық мереке. Бұл күн бізді рухтандырып, Қазақстанды одан әрі дамытуға шабыт беріп, жаңа мүмкіндіктер сыйлайды.

Осындай берері мол, мүмкіндіктері ұшан-теңіз тіршілігімізде аға буын – ардагерлеріміз де еліміздің алдағы мақсатын түсініп, өздерінің өмірі мен еңбек жолдарында жинаған мол тәжірибесін жас ұрпақтармен аянбай бөлісуде. Астанада тіршілік жасап, мемлекетіміз бен халқымыздың атқарып жатқан ұшан-теңіз шаруаларына араласып, көптеген пайдасы мол іс-шараны өткізуде. Осы іс-шаралардың басы-қасында жүрген – Ардагерлер кеңесі.

Астана Ардагерлер кеңесінің төрағасы, құрметті азамат Сансызбай Сейтжанұлы Есілов бастаған қалалық ұйымға аға буын өкілдері кеңінен тартылып, ұрпақтар сабақтастығы бойынша, көптеген жоба іске асырылуда. «Ұрпақтар сабақтастығы» сияқты идеялар мен бағдарламалар қаламыздың жоғарғы оқу орындарында, колледждерде, мектептерде қаншама тәрбиелік мәні зор және еліміздің бағын асыратын, мерейін тасытатын кездесулер үзбей өткізіліп тұрады.

Үстіміздегі жылы Е.Рахмадиев атындағы академиялық филармониясында «Ардагерлер көктемі» атты көркем фестиваль өтті. Осынау маңызды, ұлағаты мол көркем іс-шараны Астана қалалық Ардагерлер кеңесі ұйымдастырды. Көпшілік жиналған мерекелік фестиваль аға ұрпақтың ізденісін, жастарға берер мол тәжірибесін айқын көрсетті. Бұл Ардагерлер кеңесінің атқарып жатқан жұмыстарының бір-ақ тамшы көрінісі.

Өткен жылы Қазақстан Республикасының Конституция күніне орай Алматы ауданы Ардагерлер кеңесі (төрағасы М.Мұстафин) Алматы ауданы әкімшілігінің тікелей қолдауымен мазмұнды да маңызды үлкен игі шара өтті. Ата заңымызға арналған «Менің Қазақстаным» атты флешмоб Тәуелсіздік алаңының жанындағы «Қазақ елі» монументінің жанында өткізілуінің өзі де бекерден бекер емес еді. Бес жүз ардагерлер қатысқан флешмобтың мақсаты – өсіп келе жатқан ұрпақтың бойына Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімдерін оятып, еліміздің Ата Заңын қастерлеуді, қазақ халқының ұлттық, халықтық дәстүрлерін құрметтеуді бойларына сіңіру болатын. Бұл іс-шара өз мақсатына жетті. Осынау көлемді әрі маңызды іс-шараға зейнеткерлердің жастарының ұлғайғанына қарамай қатысуларының өзі үлкен өнеге.

Ел азаматтары барлық құқық мен бостандықты пайдалана алады. Мемлекет басшысының халық бірлігі бізге кез келген қиындықтан өтуге мүмкіндік береді деген сөздері прогрессивті қозғалысқа серпін береді. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының халыққа Жолдауында: «Бірлікті сақтау және қажырлы еңбек ету, елді өзгерту және өскелең ұрпаққа дамыған мемлекет беру – осының бәрі ата-баба өсиеттерін шынайы ұстануды білдіреді» делінген. Қалалық кеңестің және оның аудандардағы ардагерлер ұйымдарының мақсаты – ардагерлердің басын қосып, маңызы зор жүйелі жұмыстар атқару. Олардың өмірлік тәжірибелері мен еңбек жолдарын жастарға насихаттау. Белсенділікке баулып, тарихи жадыны сақтауға, жауынгерлік және еңбек жетістіктерінің нәтижелері негізінде жастарды тәрбиелеуге бағыттау.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы Астанада Қазақстан Президентінің қатысуымен «Отан Ана» мемориалында әскери шеру өткізіп, гүл шоқтарын қою салтанатымен атап өтілді. Елордадағы аты аңызға айналған батырлардың ескерткіштеріне гүл шоқтары қойылды. Бүкіл Қазақстан халқы батырларға құрмет көрсетті. Ерлеріміздің ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Бұл жастардың санасына жеткізу үшін аса қажет мүмкіндіктер.

Қазақтың маңдайына біткен шоқ жұлдыз, хакім Абайдың мұрасы – сарқылмас қазына. Оның жүрек шерімен жазған өлеңдерінің тағылымы тереңде жатыр. Жылдар өткен сайын халқымыз ұлама ақынның рухани дүниесіне терең бойлап, оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қанығa түсуде. Ұлы ақынның 180 жылдық мерейтойы елімізде кеңінен аталып өтті. Оныншы тамыздағы ақынның туған жеріндегі үлкен мерекені баршамыз сүйіспеншілікпен тамашаладық. Абайдың жырлары мен қара сөздерінің қыр-сырларымен жастарды сусындатқан да ардагер ақсақалдарымыз бен әжелеріміз. Қаншама кездесулер, іс-шаралар Астана төрінде қызу өтіп жатты.

Сүйікті Отанымыздың, үлкен шаңырағымыздың мәртебесі жылдан-жылға шарықтап, бірлігіміз бен сыйластығымыз жарасып, жақсы өмір кешуге баршамыз болып ат салысамыз. Ортақ Отан, ортақ рәміздеріміз, ортақ Конституциямыз бізге тірек, қорғаныш болсын! Оларды дәріптеу мен құрметтеу біздің борышымыз!

> Сүйікті Отанымыздың, үлкен шаңырағымыздың мәртебесі жылдан-жылға шарықтап, бірлігіміз бен сыйластығымыз жарасып, жақсы өмір кешуге баршамыз болып ат салысамыз. Ортақ Отан, ортақ рәміздеріміз, ортақ Конституциямыз бізге тірек, қорғаныш болсын! Оларды дәріптеу мен құрметтеу біздің борышымыз!

Баянды ӘЛПИ,
Алматы ауданы
Ардагерлер кеңесі
медиатобының мүшесі

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ

Астана қаласы Дін істері жөніндегі басқармасының қолдауымен Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына арналған «Ата Заң – Тәуелсіз ел тұғыры» тақырыбында дөңгелек үстел отырысы өтті.



Айгул УАЙС

Жиынның арқауы ар-ождан және дін бостандығын, сондай-ақ барлық азаматтың заң алдындағы теңдігін қамтамасыз ететін негізгі құжат ретінде Конституцияның маңызын зерделеуге бағытталған. Оның қазіргі қоғамдағы конфессияаралық келісімді нығайтудағы, азаматтық бірегейлікті қалыптастырудағы және құқықтық мәдениетті жетілдірудегі рөлі талқыланды. Дөңгелек үстел отырысына діни ұйымдардың жетекшілері, конфессия жанындағы жастар бірлестіктерінің өкілдері, құқық саласының сарапшылары, қоғам қайраткерлері және мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты.

Жиынды ашқан елордаңың Дін істері басқармасының басшысы Қайролла Көшқали, Конституцияның тек құқықтық қана емес, сонымен бірге бейбітшілік пен келісімді, азаматтық жауапкершілікті нығайтуға ықпал ететін моральдық бағдар екенін атап өтті. Спикерлердің арасында Maqsut Narikbayev University-дің конституциялық және саяси зерттеулер орталығының директоры, ғылыми-сараптамалық қауымдастық пен жастар ұйымдарының өкілдері болды.

«1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы отыз жыл ішінде тек негізгі заң ғана емес, елдегі бейбітшілік пен келісімнің, тұрақтылықтың берік тұғырына айналды. Ол мемлекет тарапынан барлық дінге тең көзқарасты бекітті, ар-ождан бостандығына, саяси және идеологиялық алуандылыққа кепілдік берді. Сонымен бірге Конституция конституциялық құрылысты күшпен өзгертуді, алауыздықты қоздыруды, қоғамдық қауіпсіздікке қатер төндіретін әрекеттерді шектейді. Ар-ождан бостандығы – оқшау тұрған норма емес, ол жалпы құндылықтар жүйесінің бөлігі. Мұнда өзге азаматтардың құқықтары, қоғамдық тәртіп пен құқықтық жауапкершілік те маңызды. Конституция – заман өзгерістеріне бейімделіп, құқықтық мәдениетті және азаматтық бірегейлікті нығайтуда шешуші рөл атқарып келе жатқан тірі тетік» деді Әлия Оразбаева.

Талқылау барысында қатысушылар Конституцияның ел тәуелсіздігінің, құқықтық тәртіптің және тұрақтылықтың негізі ретіндегі маңызына ерекше тоқталды. Әсіресе, жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заңға құрметпен қарау, азаматтық жауапкершілік пен отансүйгіштікті қалыптастыру мәселелері қозғалды.

Сондай-ақ дөңгелек үстелде діни ұйымдардың конфессияаралық келісімді нығайтудағы, толеранттылық мәдениетті дамытудағы және қоғамдағы бейбітшілікке үлес қосудағы рөлі жеке қарастырылды.

АРДАГЕРЛЕР ПІКІР АЛМАСТЫ

Елорданың Байқоңыр ауданы бойынша «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» мекемесінде Конституцияның 30 жылдығына арналған «Заң – тәртіп пен әділеттіліктің негізі» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Іс-шараға жиналған еңбек ардагерлері, зиялы қауым, қоғам қайраткерлері, білікті заңгерлер тақырып аясында өз пікірлерімен бөлісті. Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған және Ата Заңымызда көрініс тапқан өзгерістер мен толықтыруларға баса мән берілді. Жиында қарастырылған өзекті мәселелер мазмұны тартымды өтті.

Жүргізуші Маржан Пірімбетова қазақ қоғамында бастау алған әдеп заңдарының тарихына қысқаша тоқталып, Есім ханның «Ескі жолы» мен Қасым ханның «Қасқа жолы» туралы, Тәуке мен Әнет бабалардан жеткен кейбір мәні бар мәліметті тілге тиек етті. Дөңгелек үстелге арнайы шақырылған қонақтарға арналып қазақтың күмбірлеген қоңыр домбырасының шанағынан төгілген күйлер орындалды. Ал тағылымды іс-шара қазақтың біртуар ақыны Қадыр Мырза Әлидің «Қазақ осы» деген ғажап әнімен аяқталды. Қонақтар орталықтағы «Құрметті қонақтар қолтаңбасы» кітабына пікір қалдырды.



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

2025-2026 оқу жылында елімізде 8 мыңнан астам мектепте 4,1 миллион оқушы білім алады. Оның ішінде 341 мың бала алғаш рет 1-сыныпқа барса, ал 232 мың оқушы 11-сыныпқа өтеді. Ал Астана мектептерінде 310 мыңнан астам оқушы оқиды. Дәстүрлі түрде Астананың білім беру ұйымдарында 1 қыркүйек күні «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында 1, 11 сынып оқушылары үшін салтанатты іс-шара өтіп, 2 қыркүйек, жаңа оқу жылының бірінші күні ресми түрде басталады.









Индира БЕРЖАНОВА

1 СЫНЫПҚА – 30 МЫҢ БАЛА

Жылдан-жылға білім саласына қойылатын талап күшейіп келеді. Білім мазмұнына енгізілетін өзгерістердің мәні құндылықтарға бағдарланған оқыту тәсілін қолдануды көздейді. Бұл туралы республикалық Тамыз кеңесінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев баса айтқан еді.

«Биылдан бастап елімізде «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы жүзеге асырыла бастайды. Бұл бағдарламаны барлық мектеп, соның ішінде жекеменшік мектептер де қолданады. Сондай-ақ, мен осы жобаны педагог мамандар даярлайтын жоғары оқу орындарына да енгізуді ұсынамын.

Ұлттық білім саласындағы тәрбие жұмысында біртұтас жүйе болуы керек. Жас ұрпақтың бойына жалпыұлттық құндылықтарды сіңіру қажет. Әрбір жас отаншыл, жасампаз, жаңашыл, білімпаз, еңбеккор, ұқыпты, үнемшіл болып өсуі керек.

«Отбасы – мектеп – мемлекет» үштігі үйлесімді болса, жақсы нәтижеге жетуге болады. Ал бұл үштіктің өзегінде – еңбекқорлық идеясы болуға тиіс. Жас ұрпаққа еңбексіз ешқандай игілік болмайтынын үнемі түсіндіріп айту керек» деді Мемлекет басшысы.

Астана қаласында 2025-2026 оқу жылында 206 орта білім беретін ұйым бар, оның ішінде 122 – мемлекеттік, 77 – жекеменшік, 7 – республикалық мектеп.

Әр жылы бас шаһарда орта есеппен 30 мыңға жуық бала дүниеге келеді. Ол өз кезегінде мемлекет тарапынан білім алатын оқу ошақтарын салуға, мектеп мәртебесін, мектептегі ұстаздардың мәртебесін көтеру бағытында ауқымды жұмыстардың атқарылуын қажет етеді. Мұны қалалық Тамыз кеңесі барысында мәлімдеген елорда әкімі Жеңіс Қасымбек оқушы орындарының жетіспеушілігін шешуде бірқатар жұмыстар атқарылғанын жеткізді.

«Былтыр мектепті 14 мың бала бітірген болса, биыл 1-сыныпқа 30 мыңнан астам бала барады. Бұл – Астанада жыл сайын 10-15 мектеп салу керек деген сөз. Соңғы үш жылда 46 мектеп және 2 Оқушылар сарайы салынды, биыл 14 жаңа мектеп, жергілікті бюджет күшімен 4 балабақша, 1 Оқушылар сарайы пайдалануға берілуде. Мемлекет басшысының тапсырмасымен қолға алынған «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында қалада 23 мектеп салынып, іске қосылды. Бұл үш ауысымды мектеп мәселесін шешуге септігін тигізді. Мәселен, 2-3 жыл бұрын елордада 8 үш ауысымды мектеп болса, биылдан бастап сол олқылық жойылды. Алдағы 5 жылда қалада 300-ден астам жаңа білім беру нысаны бой көтермек» деді қала әкімі.

Елорда оқушылары өткен жылы 288 мыңнан астам болса, биылғы оқу жылында 310 мыңнан астам оқушы қабылданып отыр.

Жаңа 2025-2026 оқу жылында жалпы білім беретін мектептердің бірінші сыныбына 31 мың баланы қабылдау жоспарланған болатын. Бүгінгі күні 30 057 бала қабылданды, оның ішінде мемлекеттік мектептерге – 26 666, жекеменшікке 3390 бала қабылданды.

14 МЕКТЕП АШЫЛАДЫ

Саладағы басымдық білім сапасын арттыруға бағытталады. Білім беру жүйесіндегі басқарушы құралдың дұрыс болуы, педагогтардың жоғары білігі, оқушыларға жақсы жағдай жасау, ата-ана мен мектеп арасындағы байланыстың жолға қойылуы нәтижесінде білім сапасы деңгейі көтеріледі.

Биылғы қалалық тамыз кеңесінде елордалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев бірқатар жаңалықпен бөлісіп, жаңа оқу жылы заманауи технологияларды ұштастыратынын жеткізді.

– Елорданың білім беру ұйымдарында Оқу-ағарту министрлігімен бірлесіп, барлық бағытта пилоттық білім беру жобалары енгізіледі. Оқу процесіне жасанды интеллект технологияларын белсенді енгізе отырып, барлық мектепте Codi Play платформасы қолданылады. Бұл бағытта Білім басқармасының бюджетінде қаржыландыру тетіктері қоса қарастырылады. Сонымен қатар барлық деңгейдегі ұйымда, соның ішінде жекеменшік мектептерде «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы жалғастырылып, буллингтің алдын алу шаралары айрықша назарға алынады. Қазіргі уақытта қалалық мектептердің 98%-ы пәндік кабинеттермен жабдықталған.

Алдағы екі жыл ішінде мектептерді жан-жақты жаңғырту, ескі жиһаз бен жабдықтарды толық ауыстыру жұмыстары толық аяқталады. Мектептердің әкімшілігіне KPI нәтижелері бойынша қосымша ақы төлеу тетіктері қарастырылады, – деді басқарма басшысы.

2025 жылы екі ауысымдағы 43 744 орындық 14 мектеп (11 мектеп және 3 қосалқы ғимарат) пайдалануға беріледі. Оның ішінде 8 мектеп жаңа оқу жылына, 6 мектеп жыл соңына дейін ашылады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 22 мектепті жаңарту көзделген, биылдың өзінде 6 мектеп толықтай жаңғыртылды. Қала мектептерінің барлығы пәндік кабинеттермен, қауіпсіздік жүйелерімен толық жабдықталған. Қазіргі таңда қосымша 2000 бейнекамера орнатылуда. Барлық камералар мен дабыл түймелері Бірыңғай ситуациялық орталыққа және Полиция департаментінің Жедел басқару орталығына қосылған.

Сонымен қатар, 111 мектепке face-id жүйесі бар бақылау-өткізу құрылғылары орнатылды.

Қазіргі уақытта білім беру ұйымдарында 29 мың педагог жұмыс істейді. «Келешек мектептеріне» мұғалімдерді қабылдау басталды, бүгінгі күні 785 педагог қабылданды. Сонымен қатар, әкім гранты бойынша оқыған 398 түлек, сондай-ақ басқа ұйымдардан ауысып келген 146 педагог жұмысқа орналастырылды.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНА БАСЫМДЫҚ

Жастарға кәсіптік білім беру, оларды жұмысшы мамандықтарына даярлау және біліктілігін көтеру – мемлекетіміздің білім беру саясатының негізгі бағытының бірі. Ел экономикасының қуаты кәсіптік білім беру жүйесінің өндіріс орындарын білікті жұмысшылармен жеткілікті қамтамасыз етуіне тікелей тәуелді. Бұл орайда елорда колледждерін заманауи білім беру инфрақұрылымына айналдыру мақсатында кезең-кезеңмен бейіндеу жұмыстары да атқарылып келеді. 2025 жылы колледждерге 10 мың орын мемлекеттік білім беру тапсырысы бөлінді. Оның ішінде 3 646 – жұмысшы мамандықтарына, 6 354 – орта буын мамандары мен қолданбалы бакалавриатқа беріледі.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде түлектердің жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етудің негізгі тетігі – дуалды оқыту. Қазіргі таңда 21 колледжде 65 мамандық бойынша 369 кәсіпорынның қатысуымен дуалды оқыту жүзеге асырылуда. Түлектерді жұмыспен қамту мақсатында елордалық колледждерде қала кәсіпорындарының сұранысына сәйкес мақсатты кадр даярлау жүргізілуде. «Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында бес мемлекеттік колледжді халықаралық аккредитациядан өткізу жоспарланды. Сонымен қатар студенттер желілік технологиялар мен киберқауіпсіздік бойынша Certiport жүйесі арқылы халықаралық сертификаттарын иеленуде.

ЖАҢА 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ БІРІНШІ СЫНЫБЫНА 31 МЫҢ БАЛАНЫ ҚАБЫЛДАУ ЖОСПАРЛАНҒАН БОЛАТЫН. БҮГІНГІ КҮНІ 30 057 БАЛА ҚАБЫЛДАНДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКТЕПТЕРГЕ – 26 666, ЖЕКЕМЕНШІККЕ 3390 БАЛА ҚАБЫЛДАНДЫ

АСТАНА ҚАЛАСЫНДА 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА 206 ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН ҰЙЫМ БАР. ОНЫҢ ІШІНДЕ:

- МЕМЛЕКЕТТІК 122
- ЖЕКЕМЕНШІК 77
- РЕСПУБЛИКАЛЫҚ 7

№102 (4846) 30/08/2025 Сенбі

ИСА БАЙЗАҚОВ – 125 ЖЫЛ



ЖҮРЕГІН ЖҰЛЫП АЛЫП АСПАНҒА ҰРҒАН...

Қазақ елі – артында өшпестей мұра қалдырған ұлы тұлғаларға өте бай. Ұлыларымызды бүгінгі ұрпаққа насихаттау, олардың асыл мұрасы мен есімін жаңғырту – біздің басты парызымыз бен қарызымыз.
Солардың бірі суырып салма, төкпе, дүлділ ақын, қазақ әдебиетінің жазба өкілі, ондаған поэманың авторы, актер, әнші, композитор – Иса Байзақов. Ол – өшпес өнерімен, ел аузында аңыз болған дауылпаз ақын. Абай мен Мағжаннан кейін поэма жазған – Иса ақын.

Иса Байзақов – халықтың сүйіктісі, өнердің бар қырын бітімдестірген өнерпаз. Ол – бірнеше поэманың: «Ақбөпе», «Құралай сұлу», «Ұлы құрылыс», «Алтай аясында», «Он бір күн, он бір түн», «Кавказ», «Қырмызы-Жанай», «Қойшының ертегісі», 40-тан астам әннің, оннан астам желдірменің авторы атанған композитор, әнші, актер, әрі ағартушы, насихатшы болған сегіз қырлы, сексен сырлы өнерпаз.

Қазақ елі, оның кіндік қаны тамған Павлодар өңірі бүгінгі таңда Иса Байзақовтың 125 жылдығын атап өтуде. Оның 125 жылдық мерейтойы тамыздың 15-16 күндері Павлодар – Ертіс – Баян өңірінде кеңінен аталып, конференция болып, халықаралық ақындар айтысы өтті. Сол конференцияда сөз алған мен Иса Байзақовтың есімін ұлықтау жөнінде сөз сөйлеп, біраз жайларды тілге тиек еттім.

Иса Байзақов – қазақ театрының тұңғыш актері. Біржан сал рөлінен бастап оннан астам басты рөлдерді сомдаған. Қызылорда, Алматы, Қарағанды радиосында, Алматы, Қызылорда, Семей облыстық театрында, Қазақстан Жазушылар одағында қызмет атқарған. Иса Байзақов – қазақ әдебиеті мен өнеріне елеулі үлес қосқан ірі тұлға. Иса Байзақов 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақ мәдениеті күндерінің онкүндігіне қатысқан. Ол «Еңбек Қызыл Ту» орденімен, бірнеше медальдармен марапатталған.

Иса Байзақов – дауылпаз ақындығымен қатар шоқтығы биік сахна жұлдызы, әрі әнші. Кемпірбай, Шашубайлар сияқты ат үстінде жүріп, алуан түрлі акробатикалық өнер көрсетіп, домбырамен ән салған. Денсаулығы болмағандықтан майданға бара алмады. Дегенмен, Иса Байзақов қарап отырмай, соғыс жылдарында Жазушылар одағының атынан ел-елді аралап, өнер көрсетіп, майданға, танк колоннасына ақша жинап, үгіт жұмысымен айналысқан насихатшы. Соғыс кезінде Қазақстанда майдан үшін Исадай еңбек еткен, Отанымызға қаржы тапсырған бірде-бір ақын, жазушы болмаған.

Иса Байзақовты «Құлынды» жәрмеңкесінде алғаш көрген орыстың атақты халық жазушысы Николай Анов оның өнерінен қатты әсер алып, былай дейді: «Иса – мыңдаған жұртты үйіріп әкететін, импровизатор ақын. Домбырада шебер ойнайды. Домбырасын біресе бүйіріне жанап, біресе аяғының астынан өткізіп, желкесінде күмбірлетіп, арқасына апарып, безек қағып ойнайтын домбырашы, әрі тамаша әнші. Иса ақынның құдыреттілігінің күштілігі соншалық, ол сахнаға шыққанда халық бірден тына қалды. Елу мың атқамінері бар, 50 мың жаяулысы бар дүйім халық бір адамдай Иса ақынның суырып салма әнін қалт жібермей тыңдап отырғанын алғаш көріп мен де таң қалдым». Кейін Николай Анов Иса мен Әміре жайлы «Крылья песни» – «Ән қанатында» деген роман жазды. Ал режиссер Әзірбайжан Мәмбетов осы романның желісінде көркем фильм түсірді.

Жазушы Мұхтар Әуезов – Исекеңді ерекше құрмет тұтқан. «Иса – ғасырда бір туатын ақын» деп баға берген. Жазушылар одағында қандай бір мәдени іс-шара бола қалса, шетелден ақындар мен ғалымдар келгенде де бірінші Исекеңді шақыртады екен. Солардың алдында Иса ақын қазақ елі жайлы суырып салма өлең шығарып, қазақтың беткеұстарлары туралы мағлұматты түйдек-түйдек өлеңмен өрнектегенде, шетелдіктер таң қалып талай тамсаныпты. Итальяның атақты жазушысы Джерманетто Джовани келгенде сол кездесуді жүргізіп отырған Мұхтар Әуезов Иса Байзақовқа сөз береді. Сонда Иса ақын ұшқыш Марина Расковаға арнап «Он бір күн, он бір түн» поэмасын бір кеште суырып салып өлеңдетеді, төрт жақтан отырған жазғыштар тіпті поэманың толық нұсқасын жазып үлгермепті.

Мұхтар Әуезовтің Иса ақын жайлы: «Иса – желпініп, үзілмей соққан сар даланың желі сияқты, сол даладай кең, мол ақындықтың иесі. Бүгінгі Еуропа Исаның ақындығындай, суырып салма, желермен, тұтқиыл ақындығын, ақындық теңізі деп түсінеді». Бүгінгі қазақ сахнасында Иса әлденеше ғасырларды жиғандай, мәдениет тарихының әлденеше дәуірлерін бітімдестіргендей... Біз қазақ сахнасының Исасы бар заманын қызықты, қымбат сыйы деп түсінуіміз керек. Мен өзімді Исадай қазақтан туғанымды мақтан етемін» деп баға берген.

Бірде Мұхтар Әуезов қазақ театрында ақынның қызымен кездескенде Махпуза Байзақоваға: «Ендігі жазатын романым – «Иса Байзақов туралы болады» депті. Бұл оның Исекеңе деген құрметінен туған жоспар еді. Дегенмен, жазушының арманы орындалмай қалды, Мұхаң бір жылдан кейін өмірден өтіп кетеді.

Иса жайлы Мағжан Жұмабаев: «Иса – Алла Тағаланың қазақ халқына сыйға бере салған, теңдесі жоқ бір бұлбұлы. Өткен ғасырларда қазақтың не ғажап дүлдүлдері болған, солардың бірі де Исаға тең келе қоюы екіталай» десе, атақты ақын Қасым Аманжолов: «Иса бүкіл дүниені алдына алып отырып, жырлайтын Тәңірдің өзіндей құдіреті бар ақын десе, ал қазақтың біртуар палуаны Қажымұқан Мұңайтпасов: «Қасымда Иса мен Әміре болса, шіркін! Маған одан артық дүниенің керегі жоқ» депті. Ал атақты актер Елубай Өмірзақов: «Иса ақынмен талайлар айтысты, бірақ біреуі де онымен тең түсе алмады» дейді естелік кітабында.

Иса Байзақовтың еліне сіңірген тағы бір еңбегі – оның ағартушылық қызметі. 1923 жылы Иса ақын ауылында жастармен бірге мектеп салып, Алматыдан мұғалім әкеліп, елдің азаматтары мен жастарын оқытып өзі мұғалім жалдаған. Осы мектепте ауыл оқушылары он шақты жыл білім алған. Бүгінде бұл мектептің орнында Үлгілі ауылында жаңадан салынған ақынның атында мектеп бар.

Соғыс жылдары Иса ақын Оңтүстік Қазақстан облысында тұрып, ауыл-ауылды аралап, «әрбір дәніміз фашистерге оқ болып атылсын» деп, Жеңіс күнін жақындатуға ат салысқан. Сол концертпен жүргенде Мойынқұм даласында адасып, өкпесіне суық тиіп ауырады. Оның үстіне өз үйі болмай, отбасымен өмірбақи жертөледе бала-шағасымен подвалдағы үйде тұрып туберкулез ауруына шалдығады. Иса ақынның шығармашылық жолында да, өмірде де қиын шақтары көп болған. Жан жұбайы қазақтың тұңғыш, әрі дарынды актрисаларының бірі, Павлодар облысы, Ертіс ауданының тумасы Шәрбану Байзақова бар-жоғы 29 жасында өкпе ауруынан өмірден ерте кетеді. Ал Иса атамыз қызы Махпуза мен ұлы Ертіспен жалғыз қалады. Иса ақын тұрмыс тауқыметін көп көрген. Екі баласын жетелеп, пәтерден-пәтерге көшіп жүріп, не Үкіметтен, не Жазушылар одағынан

> Иса Байзақов – қазақ театрының тұңғыш актері. Біржан сал рөлінен бастап оннан астам басты рөлдерді сомдаған. Қызылорда, Алматы, Қарағанды радиосында, Алматы, Қызылорда, Семей облыстық театрында, Қазақстан Жазушылар одағында қызмет атқарған. Иса Байзақов – қазақ әдебиеті мен өнеріне елеулі үлес қосқан ірі тұлға.

үй ала алмай, 46 жасында Алматының туберкулез ауруханасында өмірден өтеді.

Осыншама артында өшпес құнды шығармалар қалдырған, тума талант, сегіз қырлы, сексен сырлы Иса Байзақов соғыс жылдары жаяулап, жалпылап жүріп, ел алдында өнер көрсетіп, майданға қаржы жинаған ақынның еңбегі көзі тірісінде бағаланбағаны әрине, өте өкінішті. Иса Байзақов тіршілігінде үй ала алмай кетсе де, өмірден өткеннен кейін Қазақстанның Астанасынан бір көше, не өнер ордасы, не мектеп бұйырмағаны, әрине, өкінішті жай. Туған жері Павлодарда да мектеп ашылып, мен мұндалап ескерткіші тұрса, артық болар ма еді? Осы ой көкейімізді жегідей жейді. Соның бәріне кедергі болған кезінде Иса Байзақовтың «Тарихи тұлғалар» тізімінде болмағандығы. Осыған байланысты мен Иса Байзақовты Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Тарихи тұлғалар» атты тізіміне енгізу туралы министр Аида Балаеваға хат жаздым. Жауабы бірден келді. «Тарихи тұлғалар» тізіміне Иса Байзақовтың есімі енгізілді деген. Оған қоса депутаттарымыз бен зиялы қауым өкілдері Астана қаласынан ақынға көше берілсе деген хат жазды. Бұл мәселе де шешімін табады деп сенеміз.

Ал өзім Иса ақынның қызы, атақты актриса, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Махпуза Байзақованың тәрбиесін көрген, қолында тұрған адамдардың бірімін. Кезінде Махпуза тәтем әкем Исаның аты өшіп барады деп қатты қайғыратын. Ол бүкіл өмірін, інісі Ертіс Байзақовпен бірге Исекеңнің еңбектерін насихаттап, кітап жазып, республика көлемінде 70 жылдығын өткізуге мұрындық болған еді. Міне, содан бері Павлодар облысында әр бес, он жыл сайын ақын Иса Байзақовты еске алу шаралары өтіп келеді. Кезінде бірінші болып «Иса ақын және оның ұрпақтары» деген кітап шығардым. 6 деректі фильм түсірдім. Иса Байзақовтың дауысын іздеп таптым. Бірнеше газеттерге мақала жазып, Қазақ радиосына бірнеше радиобағдарлама жасадым. Иә, Павлодар облысында Исаға арналған біршама жұмыстар атқарылды. Ол қуантарлық жай. Бірақ әлі де оны насихаттау, Иса ақынды ұлықтау жұмыстары жалғасу керек.

Иса Байзақовтың есімін ұлықтау үшін не қажет десек, Павлодарда ақынның ескерткіші орнатылса, Ертіс қаласындағы қазақ мектебіне не Павлодар қаласында бір мектепке Иса Байзақов аты берілсе, Павлодардағы Иса Байзақов атындағы филормонияның әншілері ақыннның әндері мен желдірмелерін өз репертуарына толық енгізсе дейміз. Атына заты сай болып, сахна шымылдығы ашылғанда Исаның желдірмелері орындалса, қандай ғанибет. Құрылғанына талай жыл болса да, биыл ғана Исаның желдірмесін естідік.

«Жүрегін жұлып алып аспанға ұрған,
Жұлдыз боп соның оты жанып тұрған» деген өлеңі оның сегіз қырлы, сексен сырлы өнерпаздығы мен ақындық жолы біздің көгімізде шоқтай жарқырап жанып тұр.

Ғалия БАЛТАБАЙ,
«Құрмет» орденді ардагер,
журналист

БЕРЛИНГЕ ДЕЙІН ЖЕТКЕН...

Биыл Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 80 жыл толып, бұл мереке елімізде кеңінен атап өтілді. Бұл жеңіске Қазақстанда жасақталған әскери құрылымдар мен елде қалған халықтың да қосқан үлесі өте зор болды.



Фашистермен соғыста Ақтөбе қаласында жасақталған 312-ші атқыштар дивизиясының даңқы шарықтап тұрды. Осы дивизияның 589-шы артиллериялық полкы сапында соғысқа кіріскен Бегалы Боярысұлы 1901 жылы Көкшетау облысының Айыртау ауданына қарасты Сарысай Наурыз ауылында дүниеге келген. Ал әскерге Солтүстік Қазақстан облысы Куйбышев аудандық әскери комиссариатынан шақырылады. Ол осы ауданның Наурыз колхозында мал шаруашылығында жұмыс істеп жүрген жерінен Отан алдындағы борышын өтеуге аттанады. Жас жауынгер өзінің қаруластарымен бірге Мәскеу қаласын қорғауға үлес қосады. Мәскеу түбіндегі шайқаста Гитлер әскерімен қиян-кескі ұрыстар болып, 312-ші дивизия сапындағы 11 мыңнан аса жауынгердің 9 жарым мыңға жуығы жер жастанады. Жоғары басшылықтың бұйрығымен дивизия тылға қайтарылып, қайта жасақталып, ұрыс даласына оралады. Осындай алапат айқастарға қатысқан Бегалы Боярстанұлы 1943 жылы жеңіл жарақат алып, госпитальға түседі. Емделіп шығысымен қайта майдан даласына оралады. Бегалы атамыз фашистермен шайқаста сан мәрте ерлік танытып, тапқырлығымен көзге түсіп, бірқатар наградалармен марапатталады. 1944 жылы 22 шілдеде «За боевые заслуги» медалімен наградталған, бұл марапат шабуылдап келе жатқан 20-ға жуық фашисті өз зеңбіregімен жер жастандырғаны үшін беріледі. Сондай-ақ осы жылы 15 қыркүйекте кеудесіне «За отвагу» медалі тағылады. Ал 1945 жылдың 28 ақпанында жау іскерімен қиян-кескі ұрыс жүргізгені үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградталады. Міне, осылайша майдангер атамыз қатардағы жауынгерге берілетін ең жоғары әскери наградалардың бәрімен марапатталған.

Соғыс аяқталғаннан кейін Бегалы Боярстанұлына «Германияны жеңгені үшін» медалі табысталды. Майдангер атамыз болған 312-ші атқыштар дивизиясы 1945 жылғы 5 мамырда Эльба өзенінің шығыс жағалауына жетеді. Осы жерде американдық жауынгерлермен кездесіп, өңірді фашист әскерінен тазалайды. Содан 7 маусымға дейін Берлинде тұрақтайды. Осы қалада Жеңіс күнін қарсы алады.

Ұлы Отан соғысында ерлік көрсетіп, аман-есен елге оралған Бегалы атамыз зейнет жасына дейін мал шаруашылығы саласында жемісті еңбек етті. Бүгінгі таңда Жеңіс күнін жақындатуға орасан үлес қосқан майдангер атамыздың Астана қаласында тұрып жатқан ұрпағы оның ерлігін мақтан тұтады.

Жасұлан БОЯРИСОВ,
майдангердің немересі

«АСТАНА АҚШАМЫ» – 35

ЕР КЕНЕКЕМ ЕСІЛДІҢ ЖАҒАСЫНДА...

2000 жылдың 31 желтоқсанында сол жылы өткен Сидней Олимпиадасында айды аспанға шығарып, чемпион атанған боксшы Бекзат Саттарханов жол апатында қаза болды. «Осыдан жиырма күн бұрын жиырма жасар Бекзат елордамыз Астанада болып, елінің торқалы тойы Тәуелсіздік күнін бас қаламызда қарсы алған еді» .


Астана ақшамы

Ер Кенекем елордаға келді



ЖҰЛДЫЗЫҢ СӨНБЕЙДІ, БЕКЗАТ!
2001 жыл, 6 қаңтар

Сиднейдің төрінде Қазақстанның байрағын көтерген Олимпиада қаһармандары Ермахан Ыбырайымов, Ольга Шишигина, Болат Жұмаділов, Мұхтархан Ділдәбеков, Ислам Байрамуков және бокстың бекзаты атанған Саттархановты астана жұртшылығы хан көтеріп, қошемет көрсеткен. Сол екі күнде Бекзатпен етене әңгімелесіп, доп ойнап, суға түсіп, едәуір сырласып қалған едік. Бекзаттың әңгімесі де әсерлі еді. «Астана ақшамы» газеті үшін сұхбат алсам деген өтінішіме «Мен дайынмын, аға, ал бастайық» деген еді ілтипатпен. Енді сол арман қанатындағы әңгімені қаз-қалпында оқырман назарына ұсынамыз». Бұл – Бекзат Саттархановтың баспасөзге берген соңғы сұхбаттарының бірі.

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

ДӘРМЕННІҢ МЕКТЕБІ АШЫЛДЫ
10 ақпан

Л.Гумилев атындағы Еуразия мемлекеттік университетінде халықаралық гроссмейстер Дәрмен Сәдуақасовтың шахмат мектебі ашылды.

«Құдай жазып, XX ғасырдың соңында шахмат шыңына қазақ баласы да көтерілді. Дүниежүзіндегі ең мықты жас шахматшылар Үндістанда әлем чемпионы атағы үшін сынға түскенде астаналық Дәрмен Сәдуақасов жеңімпаз атанып, айды аспанға шығарған еді. Бұл байтақ еліміздің елордасы Астананың тұсауы кесілген жылдағы үлкен жетістік ретінде бағаланғаны сөзсіз...

Ал енді тұсауы кесілген мектептің базасы туралы айтар болсақ, Мәскеуден арнайы әкелінген шахмат үстелдері көздің жауын алып тұр. Дәрменнің айтуынша, бұл жабдықтардың бәрі халықаралық стандартқа жауап береді. Түптеп айтқанда, кең де, жарық шахмат мектебінде шеберлік шыңдау үшін жақсы жағдай жасалған».

Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

ЕР КЕНЕКЕМ ЕЛОРДАҒА КЕЛДІ
15 мамыр

Астанада ұлт-азаттық көтерілістің ұлы көсемі Кенесары хан ескерткішінің ашылу салтанаты өтті.

«Па шіркін! Ескерткіш еңселі екен. Ауыздығымен алысқан арғымақтың үстінде қаққан қазықтай отырған айбынды бейне асқақ рухтың айшықты белгісіндей көз арбайды. Енді мызғымас елдігіміздің қалпын елестеткендей ме, қалай?.. Тұрған жері де ғажап. Тас тұғырлы тау мүсіннің (биіктігі 13 метр, салмағы 10 тонна) түбінен еркелей ағып Есіл өтеді. Анадай жерде баяғыда өзі аруақ шақырып, атойлап басып алатын Ақмола бекінісінің орнындағы орталық стадион тұр. Қоладан құйылған бұл ескерткіштің сәтті шығуына алматылық мүсінші Нұрлан Далбай мен атақты сәулетші Шота Уәлихановтың көп еңбек сіңіргенін көрсетеді.

Талғат БАТЫРХАН

КҮЛЛІ ТҮРКІЛЕРДІҢ КҮЛТЕГІНІ
19 мамыр

Елордамыздың төрінде ұлт руханиятын асқақтатқан айтулы оқиға болды. Аты әлемге әйгілі Күлтегін ескерткішінің көшірмесі Қазақ елінің елордасы – Астана қаласына жетікизілді.

Күллі түркілердің көк семсері атанған Күлтегін ескерткішінің ашылу салтанаты Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бас ғимаратында өтті. Осыған орай «Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция ұйымдастырылды.

«Ежелгі түркі ескерткіштері ол тек өткеніміз ғана емес, қанша жерден оларды заман ыңғайына икемдеуге тырысқанымызбен ол біздің бүгініміз де ғой... Меніңше, Күлтегін ескерткіші – түркі халықтарының Библиясы. Сондықтан оған түсіндірме ретінде Евангелиялық талдау қажет. Бұл менің жазушылық фантазиям әрі көзқарасым» деді конференцияға қатысушылардың бірі, әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматов.

ЖЕТІМДЕРГЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАМҚОРЛЫҚ
26 маусым

Астанада «SOS Қазақстан балалар қалашығы» ашылды.

«Тұлдыр жетімдер мен тағдырдың тәлкегіне түскен балаларға арнап осындай үйлер ашу идеясын 1992 жылы ойлап тапқан «SOS Kinderdorf Internatiol» халықаралық қорының бірінші президенті Герман Гмайнер. «SOS балалар қалашығы» бүкіл әлемдегі балалардың нәсілі мен діл-дініне, ұлтына қарамастан жаңа үйге орналастырып, тәлім-тәрбие беретін. Бұл күнде дүние жүзіндегі мұндай SOS қалашықтарының саны 423-ке жеткен».

Елордада ашылған SOS балалар қалашығы еліміздегі екінші осындай нысанға айналды. Бұдан бұрын Алматыда бой көтерген еді. Мұның алғышарты ретінде 1994 жылдың тамыз айында «SOS Қазақстан балалар қалашығы» қоры тіркелген. Ал 2000 жылдың аяғында «Отбасылық үлгідегі балалар үйі мен қалашығы туралы» арнайы заң қабылданды.

Төлен ЗӘРУБАЙҰЛЫ

КЕҢ БАЙТАҚ ҚАЗАҚСТАН КЕЛБЕТІ
11 қыркүйек

Астанада «Атамекен» Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешені ашылды.

«Есілдің сол жағалауындағы 1,7 гектар жерге орналасқан көркемдік-танымдық нысанның құрылысы XX ғасырдың соңында, нақтырақ айтсақ, 1997 жылы басталған болатын. Ел Тәуелсіздігінің 10 жылдық тойына тарту ретінде ұсынылып отырған бұл кешенге кірсеңіз, Қазақстанның кең байтақ даласы көз алдыңызға елестері анық. Мұнда қазақ халқының тарихымен, мәдениетімен, жер жағдайымен, жергілікті тұрғындардың тұрмыс-тіршілігімен танысып, республика жайында кеңірек мағлұмат алуға болады. 100-ден аса экспозициялық материалдар қойылған бұл кешенде Қазақстандағы 14 облыс пен Астана және Алматы қалаларындағы айшықты ғимараттар, өнеркәсіп кешендері орын алған.

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

ҚОШ КЕЛДІҢІЗ, ҚАСИЕТТІ ҚАРИЯ!
22 қыркүйек

Рим папасы II Иоанн Павел Астанаға ұшып келді. Қасиетті тақтың билеушісі, Петрдің 263-мұрагері 95-шетелдік сапарында 127-ел ретінде Қазақстанның дәмін татты.

«Әлемде бейбітшілік сүйгіш адамдардан гөрі соғысқұмарлардың дауысы қатты шығуда. Осынау алмағайып кезеңде ұлтаралық татулық пен тыныштық құшағында тірлік кешіп жатқан Қазақстанға өзгелер қызыға да, қызғана да қарауда. Енді, міне шіркеулер шиеленісі ширығып тұрған шақта Рим папасының біздің елге келген сапарынан христиан әлемі көп үміт күтеді. Христиандар мәселесі өз алдына, папа – жер бетіндегі сенімдер мен ізгіліктерді жақтаушы. Ол діндер мен сенімдерді бөліп-жармайды... Папаның қасиетті қазақ топырағына аяқ басуы Қазақстанның халықаралық беделін асқақтата түсері анық».

БАС ҚАЛАНЫҢ БОЙТҰМАРЫ
2002 жыл, 10 тамыз

«Париждің Эйфель мұнарасын, Египеттің жұмбақ пирамидаларын, Мәскеудің маңғаз Кремлін кім білмейді дейсің... Сол сияқты, өркениет әлеміне қадам басқан Қазақстан жүрегі Астана төрінен де осындай өзіне тән айрықша архитектуралық құрылыстың дүниеге келуі заңды еді.

Ақмырза Рүстембеков бастаған Қазақстан Архитекторлар одағының сәулетшілері қазақ аңыздарының қатпарлы беттеріне терең үңіліп, одан алған ойларын қазіргі заман идеясымен ұштастырды. Соның нәтижесінде «Астана-Бәйтерек» аспанжайы дүниеге келді.

Монументтің ең үстіндегі диаметрі 23 метр шыны шар пішіні ертедегі жұмбақ құсының алтын жұмыртқасын бейнелеп, тіршілік тінінің дамуын, жаңаруын, жарқын болашаққа деген талпынысын меңзесе, оны ұстап тұрған темір конструкция тамырлары тереңге жайылған алып бәйтеректің біртұтас дене кейпіндегі тіршілік бірлігін әлемге паш етіп, Астананың ақ жолын тілейді».

Биіктігі 97 метр болған «Астана-Бәйтерек» монументінің ашылу салтанаты Конституция күні қарсаңында, 29 тамызда өтті.

Сұлугүл БАКЕСОВА

ҚҰРСАҒЫ АЛТЫН ҚАЛИМАШ
7 қыркүйек

«Бұл – елорда еңсе көтергелі ел құлағы естімеген жағымды жаңалық. Үстіміздегі жылдың 28 тамызы күні екі ұл, бір қыз баланың анасы атанған Қалимаш перзенттерінің аман-есен дүниеге келуіне көп еңбек сіңірген №1 перзентхана дәрігерлеріне дән риза».

Дүние есігін ашқан алғашқы нәрестенің салмағы 2 кг, екіншісінің 2 кг 700 грамм, үшіншісінің 2 кг 300 грамм болды. Үш нәрестенің анасы Қалимаш Жақыпова жұмыссыз болса, жолдасы Саябек Құрманғалиев жекеменшік «Жігер» кәсіпорнында жұмыс істейді. Бірі – Ақмола облысына қарасты Қорғалжын ауданының, ал екіншісі – Көкшетаудың тумасы. Екеуі 2001 жылдың қараша айында шаңырақ көтерген.

Ерлібай ҚАДЫРБАЙ

ҚАЗАҒЫН СҮЙГЕН ХАС ТҰЛҒА
5 қазан

«Астана төрінде Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның 70 жасқа толуына арналған салтанатты кеш өтті.

Шерхан Мұртаза! Алаштың ар-намысын асқақтатқан ақиық. Қазағын сүйетін хас тұлға. Қабырғалы қаламгер. Редактор-реформатор. Талай талантты тұғырында түлеткен тәлімгер. Бүгінде бүкіл ел білетін бірегей есім бұл.

Бізде ұлт бағына туған біртуар ұлдар баршылық. Солардың кеуде тұсында тұрған кесек тұлға, міне, аман-есен жетпіске жетті. Елі өзінің елеулі азаматына ерекше құрмет көрсетуде. Шерағаңның шығармашылық кеші соның жарқын көрінісі.

Мерейтой салтанатына ҚР Премьер-министрі Иманғали Тасмағамбетов бастаған ел ағалары қатысты. Елорда әкімінің орынбасары Төлеген Мұхамеджанов қалың көпшілікке арнайы шешіммен Шерхан Мұртазаға Астана қаласының Құрметті азаматы атағы берілгенін хабарлап, оның куәлігімен бірге пәтер кілтін қоса тапсырды. Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед қазіргі қазақ баспасөзінің корифейіне күміс қынды қылыш сыйлады. Жамбыл облысының әкімі Серік Үмбетов Шерағаңа туған жерінің ыстық сәлемін жеткізіп, астына «темір тұлпар» мінгізді.

Талғат БАТЫРХАН

АТАҒЫ ДАРДАЙ ДЖИГАРХАНЯН «АСТАНА АҚШАМЫНА» ТЕЛЕФОН СОҚТЫ
10 қазан

«Бір кездері бәрімізді теледидар экранына телмірткен «Кездесу орнын өзгертуге болмайды» атты кеңестік сериалды көріп отырып, менің бір ағам «Ойпыр-ай, мына Джигарханян болмаса орыстың киносы ойсырап қалғандай екен ғой» дейтін...

Шын мәнінде халық әртісі Армен Джигарханян алдыңғы күні Астанадағы Конгресс-холда өнер көрсетті. Соңынан журналистерге арналған баспасөз мәслихаты өтті. Қызықтың көкесі кеше болды. Атағы жер жарған Армен ақсақалдың өзі «Астана ақшамының» редакциясына телефон соқты. Өзінен қолтаңба алған тілшіміз Қымбат Тоқтамұрат пен көзілдірікті фотокорды (В.Федюнин) іздепті. Қоңырау шалғандағы сұрағаны – кездесу кезінде түсірілген суреттер екен. Газетіміздің ертеңгі нөміріне суретімен қоса шағын мақала берілетінін естігенде, сабазың кәдімгідей қуанып қалыпты. Әйгілі әртістің әдейіліп редакциямызбен хабарласқанына біз де мәз мейрам болып қалдық...».

Талғат БАТЫРХАН



№102 (4846) 30/08/2025 Сенбі

АБАЙҒА АРНАЛҒАН ЖЫР КЕШІ

Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай Астанадағы ҚР Ұлттық музейінде «Өлең – сөздің патшасы» атты жыр кеші өтті. Іс-шараға №73 мектеп-лицейінің, Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназияның және Ыбырай Алтынсарин атындағы №83 мектеп-гимназияның оқушылары мен ұстаздары қатысты.



Сондай-ақ, іс-шараға Астана халықаралық университетінің Өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің деканы, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, тарихшы Саят Ыбырай, «OYORDA» қауымдастығының вице-президенті Жансұлтан Бүркітбай, №87 мектеп-гимназияның ұстаздары Данияр Ихсан мен Нұрболат Қабен, суретші-дизайнер Мұхтар Нұрбек, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты Шолпан Шарапатова, Е.Серкебаев атындағы №3 Балалар музыка мектебінің қобыз сыныбының оқытушысы Айымжан Алдабергенова, сондай-ақ «Замандас» жастар коворкингінің мүшелері мен ұстаздары қатысып, кештің маңыздылығын арттырды.

Ал, жасөспірімдер Абайдың өлеңдерін жатқа айтып, қара сөздерін мәнерлеп оқып, әннен шашу шашты. Сонымен бірге, музейдің суретші-дизайнері Мұхтар Нұрбек балаларға арналған өз кітабының тұсаукесерін жасап, көпшіліктің назарына ұсынды.

ЖӘДІГЕРЛЕР БЕЙЖІҢДЕ

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының (ШЫҰ) саммиті аясында Қытайдың Бейжің қаласында халықаралық мәдени көрме ұйымдастырылды. Бұл көрмеге Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі де белсенді атсалысып, өз жәдігерлерін Бейжіңнің ең көрнекті жеріне орналастырды.



Қазақстандық павильонда көрермендерге қола дәуірінің рухани мұрасының символына айналған «Тобыл ойшылы» мүсінінен тартып, аңызға айналған «Алтын адам» жәдігері мен Ұлы Жібек жолы қалаларынан табылған сирек кездесетін теңгелерге дейін қойылды. Бұл экспонаттар Қазақстанның бай тарихы мен мәдениетін, ежелгі өркениеттердің даму деңгейін айқын көрсетеді.

Сонымен қатар, Қытайдың Ұлттық музейінде «Өркениет жұлдызы: ШЫҰ елдері ұлттық музейлерінің мәдени мұрасы» атты халықаралық көрме ашылды. Бұл көрме ШЫҰ елдері арасындағы мәдени алмасуды нығайтуға, бірлікті тереңдетуге және тарихи-мәдени құндылықтарды насихаттауға бағытталған.

Көрменің ашылу салтанатында Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің директоры Берік Әбдіғалиұлы құттықтау сөз сөйлеп, мәдениетті халықтар арасындағы байланыс құралы, өркениеттердің жақындасуына ықпал ететін «алтын көпір» екенін айрықша атады. Ол мәдени мұралар мен ұлттық дәстүрлердің сақталуы мен дамуы арқылы елдер арасындағы ынтымақтастықтың одан әрі нығаятынын атап өтті.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі ұжымы өз кезегінде Қытай Ұлттық музейінің әріптестеріне ұйымдастыру деңгейінің жоғарылығы және жылы қабылдауы үшін шынайы алғыстарын білдірді.

ДІНДЕР МЕН СЕНІМДЕР ТАРИХЫ

Елордадағы орталықтандырылған кітапхана жүйесінде қазақстандық жас зерттеуші, биолог, тарих ғылымдарының магистрі Ерзат Меллатұлының «Ұлы Даладағы діндер мен сенімдер тарихы» атты көлемді ғылыми еңбегінің тұсауы кесіліп, оқырманға жол тартты.



Ғылыми еңбектің тұсаукесер рәсіміне зиялы қауым өкілдері және автордың қаламдас достары қатысты.

Бес тараудан тұратын бұл кітапта автор көне дәуірлерден бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы діни-рухани үдерістерді жүйелі түрде қарастырады. Зерттеуде тәңірлік дүниетанымның бастау көздері мен оның түркі халықтарының дүниетанымына ықпалы терең сипаттаған. Сонымен қатар, зороастризм, манихейлік, буддизм, несториандық христиан және ислам діні секілді әртүрлі сенім жүйелерінің Ұлы Дала кеңістігіне таралуы, орнығуы және олардың жергілікті халықтың өмір салтына, мәдениеті мен салт-дәстүріне әсері тарихи дерек пен нақты фактілер негізінде баяндаған. Сондай-ақ, еңбекте археологиялық мәліметтер, жазба деректер, шетелдік зерттеулер мен классикалық тарихи құжаттар молынан пайдаланылған. Автор діни сенімдердің тек рухани ғана емес, саяси, әлеуметтік және мәдени фактор ретінде де маңызды рөл атқарғанын атап көрсетеді. Сонымен бірге, дін мен дәстүрдің өзара ықпалдастығы, олардың қазақ халқының ұлттық болмысына сіңісуі тақырыптың негізгі арқауына айналған.

Тарихшыларға, дінтанушыларға, мәдениеттанушыларға, жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына, сондай-ақ руханиятқа қызығушылық танытқан жалпы оқырман қауымға арналған бұл кітап қазақ қоғамында тарихи-рухани сана мен мәдени жадыны қалыптастыруға өз үлесін қосатыны сөзсіз.

СЕНАТ ТУРНИРІ БАСТАЛДЫ

Астанада Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының ашық кубогы – Senat Open республикалық шахмат турнирінің финалы басталды. Оған еліміздің түкпір-түкпірінен үш мыңнан астам шахмат әуесқойы қатысты.

Турнирдің салтанатты ашылу рәсіміне Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаев қатысып, сөз сөйлеп, Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша соңғы жылдары республикада шахматты дамытуға, оны кәсіби және әуесқой деңгейде үйренуге жағдай жасауға айрықша көңіл бөлініп отырғанын атап өтті.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев шахматты насихаттауға ерекше мән беріп отыр. Мемлекет басшысы айқындап берген міндеттер аясында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. 2027 жылға дейінгі шахматты дамыту жөніндегі кешенді жоспар әзірленіп, қабылданды. Бүгінгі турнир де – Сенат Парламенті мен Шахмат федерациясының бірлесіп ұйымдастырған осындай игі қадамдарының бірі. Senat Open республикалық турнирі екінші рет өтіп отыр және оған деген қызығушылық жылдан-жылға артып келеді. Мұндай жобалардың азаматтардың интеллектуалды әлеуетін арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік басқару саласында қажет дағдыларды қалыптастыруға да ерекше маңызы бар» деді М.Әшімбаев.

Турнирдің алғашқы кезеңінде 21 ақпаннан 27 мамырға дейін еліміздің барлық өңірінде 20 іріктеу ойыны өткізілді. Екінші кезеңде Түркістан (Оңтүстік), Семей (Орталық), Көкшетау (Солтүстік), Орал (Батыс) және Талдықорғанда (Шығыс) бес аймақтық жартылай финал ұйымдастырылды. Қорытынды кезеңге 215 ойыншы жолдама алды.



ВЕЛОСПОРТ ЖҮЙРІГІ КІМ?

Бас қалада велоспорттан жасөспірім ұлдар мен қыздар арасындағы «Елорда туры» ашық чемпионаты өтті. Жарыс елордалық талантты спортшы Құтжан Бағланды еске алуға арналды.

Чемпионатқа еліміздің түкпір-түкпірінен келген 100-ден астам жас спортшы қатысып, жас ерекшеліктеріне қарай жекелей және топтық сындарда бақ сынады.

Нәтижесінде 11-12 жас аралығындағы ұлдар арасында I орынды Алан Васильев иеленсе, II орынға – Олег Филатов, ал III орынға Тагир Ташен лайық деп танылды. Қыздар арасында үздік нәтиже көрсеткен I орынды Сара Баубек иеленді. II орын Нұрай Қанатбекке бұйырса, III орынды Анастасия Марчевская еншіледі. Ал, 13-14 жас аралығындағы қатысушылар арасындағы бәсеке тартысты болды. Ұлдар санатында I орынды Александр Филатов иеленді. II орын – Ерсайын Жапаровқа, ал III орын Константин Пахоруковқа берілді. Қыздар арасында I орынды Айша Нұрғали жеңіп алса, Камелия Қайыржанова – II орын, Айым Анарбек – III орын иеленді. 15-16 жас аралығындағы ұлдар арасында I орынды Мансұр Бралин, II орынды – Әлихан Жүнісов, ал III орынды Бекзат Бектеміров иеленді. Қыздар арасынан үздік шыққан I орынды Валерия Кузнецова иеленді. II орын Надежда Ташлановаға бұйырса, III орынды Аруана Төлеухан қанжығасына байлады. Жеңімпаздарға медальдар, дипломдар, кубоктар, бағалы сыйлықтар, сондай-ақ командалық есеп бойынша велосипедтер табысталды.

Бұл чемпионат жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттап қана қоймай, елордаңың спорттық дәстүрін дамытуға бағытталған маңызды спорттық іс-шара болды.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 102
Баспахана: Астана қаласы,
Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ